

«Келешек» санаторлық бөбекжай-бақшасы КММ

Бекітемін

«Келешек» санаторлық

бөбекжай-бақшасы КММ

менгерушісі



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Ересек «Гүлдер» тобы

Түркістан 2023-2024 оқу жылы

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы «Келешек» санаторлық бөбекжай – бақшасы КММ

Топ: ересек «Гүлдер» тобы

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023ж.

Педагогтың аты-жөні: Әмірәлиева Г. Шойбекова Ж.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	28.09.2023	29.09.2023		31.08.2023	01.09.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім күніне арналған мерекелік қабылдауды әзірлеу. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?".				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іске жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға дағдыландыру.	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды дағдыландыру; жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін жетілдіру; ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	30 - тамыз. Конституция күні	Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегілер мен әңгімелердің кейіпкерлерлерінің сөздері арқылы «Еңбек түбі – зейнет» ұғымын түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Қайдан келдің бауырсақ?» сияқты ертегілер мен әңгімелер арқылы балаларға барлық заттардың еңбекпен келетінін түсіндіру. "Үй өсімдіктеріне бүріккіш пистолеттен су бүрку". Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғал қажет деген түсінікті бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға	Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Үлкендердің еңбегінің қажеттілігі жөнінде түсінік беріп отырамыз. Балалардың алдына мақсат қоя білуді, оған жету үшін еңбектену мәдениетін қалыптастыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды үй өсімдіктердің жағдайына қарай, оларға күтім жасау үшін қандай әрекеттер қажет екенін анықтауды үйрету (суару, тазарту, қопсыту, үстіңгі киім), тиісті еңбек операцияларын дұрыс орындау, балаларға әрқайсының мақсаты туралы айтуды
--	--	---	--	---	---

	"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) "Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс айтқызып, оның атқаратын қызметі жайында бір	"Лото" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқағыштыққа үйрету. Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді. (сөйлеуді дамыту) "Жапырақ" артикуляциялық жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтін сөздерінің ырғағына, мәніне сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны жетілдіру. Тақ-тақ-тақ (қолдарын оңға-солға сермейді), Біз айтамыз такпак		Дидактикалық ойын «Зат неге ұқсайды?» Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айтуды үйрету. (математика негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)	Саусақ ойыны «Бақшадағы қызанақ пен қияр». Мақсат-міндеттері. Бақша туралы түсінік бере отырып, қызанақ пен қиярдың көгөніс екенін ажыратуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Біздің балабақша" тақырыбына суреттер сериясы бойынша әңгімелеу. Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақшадағы күн тәртібіндегі топтастармен біріккен әрекеттерін "балабақша" жалпылауыш сөзіне, ұғымына байланысты екенін түсіндіру: бірнеше
--	---	---	--	--	---

Ертеңгілік жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1. Таяқшаны алға созу. 2. Оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру. 3. Таяқшаны алдыға созып ұстау. 4. Сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру. 5. Таяқшаны алдыға созып ұстау. 6. Бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. 1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу. 3-4 бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1. Оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау. 2. Сол аяқты оның қасына алып келу. 3. Оң аяқпен таяқшадан аттап, артқа бір адым жасау. 4. Сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1. Таяқшаны жоғары көтеру. 2. Оңға иілу. 3. Түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. 4. Бастапқы қалып. Сол жақпен дәл солай орындалады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)
--------------------	--

Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен: Таңертең де, кеш те де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар мезгілде, Су мен сабын - бір жолдас, Жоймас олар кір қоймас!
------------------------	--

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу. "Жаз қонаққа келді". Мақсат-міндеттері. Балаларды мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру. Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер. Жаз келіпті жадырап, (екі қолымен өзін нұсқау) Қандай әсем, қараса. (қолды екі жаққа жаю) Мұнда әсем түймедақ, ("Түймедақ" рөліндегі балалар ортаға шығып, қол бұлғайды) Жайқалып тұр, тамаша! Көбелек пен аралар	"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балалардың зейін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі әртүрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар айтылған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. (сөйлеуді дамыту)		Шаттық шеңбері Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Күлімдеп күн шықты, Жадырап нұр төкті. Қайырлы күн, достарым! Балабақшадағы ұйымдастырылған іс-әрекет туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	«Ақ тілек» шаттық шеңбері. Адал жақсы ниетпен, Бар адамға бақ тілеп, Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі - Ақ тілек. Барлығы шеңбер құрып тұрады, мәтінді бірге қайталады. Балабақшаның ережелері жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)
--	--	---	--	--	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Жазғы ойын-сауықтар	Жазғы ойын-сауықтар		Жазғы ойын-сауықтар	Дене шынықтыру "Қатар түзеп сапқа тұру" Мақсат-міндеттері. Балаларды қатар түзеп, сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүру, жүгіру жаттығуларын жасауды үйрету.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Мысықтың бақылау; мысықтың тіршілігіне қызығушылығын арттыру. Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа қызығушылықты арттыру. Н. Арынова "Мысығым". Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан қалмайды, Көзін қысып	Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің тіршілігіне мезгілдік өзгерістердің әсері жайлы білімдерін бекіту. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көгөністер жинау кезіндегі ұжымдық еңбек. Мақсат-міндеттері. Ұжымдық жұмысқа үйрету. "Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа,		Желдің соғуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел.) Бақылау: балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда көшіп жүруі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, желдің бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; баяу жел, қатты жел, ағаш басының тербелуі; күзбен салыстыру. Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру. Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын. Қимылды ойын: «Желбезекпен	Күздің ерте немесе кеш келуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Тақпақтар Н. Әлімқұлов «Күз». Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді. Қ.Ыдырысов «Күз». Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау, Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Бақылау: табиғаттағы өзгерістерді бақылауды үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы, күзгі өзгерістерді ажырата білу. Қимылды ойын. «Астықты тасымалдау» (дене шынықтыру)
--------	---	---	--	---	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.
Түскі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Тергеушілер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ой-өрісін, қиялдарын дамыту. Келісім. Педагог балаларға әртүрлі заттарды кезек-кезек көрсетеді. Балалар қай заттың кімге және не үшін керектігін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасы: баланың өзі қораптан бір затты алып, оның сын-сипатын айтып береді. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	"Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз" дамытушылық ойын. Мақсат-міндеттері. Балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту. Барысы. Жүргізуші. 1-нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.		"Тергеушілер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ой-өрісін, қиялдарын дамыту. Келісім. Педагог балаларға әртүрлі заттарды кезек-кезек көрсетеді. Балалар қай заттың кімге және не үшін керектігін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасы: баланың өзі қораптан бір затты алып, оның сын-сипатын айтып береді. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	Мүсіндеуден ойын-жаттығу. "Асқар ата келді". Мақсат-міндеттері. Балаларды сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, түрлі әдістерді қолданып, ыдыс-аяқ жасауды және бұйымның сыртын дымқыл шуберекпен өңдей отырып, пішіннің бетін тегістеуді үйрету. Сурет салудан ойын-жаттығу. "Балабақша". Мақсат-міндеттері. Балаларды екі параллель сызықтың ұштарын көлденең қосып, төртбұрышты пішінді, үшбұрышты шатырды салып, балабақшаның қарапайым ғимарат бейнесіне біріктіруді үйрету. Қоршаған ортамен
--	--	---	--	--	--

Балалармен жеке жұмыс	"Ал одан кейін не?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауларын дамыту. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог үстел үстіне бірнеше заттарды қояды. Балалар оларды мұқият қарастырып алғаннан кейін, бәрі артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын біртіндеп көбейтуге болады.		«Ғажайып дорба» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру.	Жыл мезгілі жайлы мнемокестемен жұмыс істеу немесе әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Мнемокестедегі жыл ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруды үйрету.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды үстіне киген киімдеріне қарап, шкафта қалдыратын заттардың орнын тексеріп, тәртіп орнатуға шақыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Мысықты бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Мысықты бақылау; мысықтың тіршілігіне қызығушылығын дамыту. Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа қызығушылықты арттыру. Н. Арынова "Мысығым". Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады.	Ауа райын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің тіршілігіне мезгілдік өзгерістердің әсері жайлы білімдерін бекіту. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көгөністер жинаудағы ұжымдық еңбек. Мақсат-міндеттері. Ұжымдық жұмысқа үйрету. "Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке,		Желдің соғуын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел.) Бақылау: бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда көшіп жүруі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; баяу, қатты, ағаш басының тербелуі; күзбен салыстыру. Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру. Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын. Қимылды ойын:	Күздің ерте немесе кеш келуін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Тақпақтар Н. Әлімқұлов «Күз». Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді. Қ.Ыдырысов «Күз». Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау, Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Бақылау: табиғаттағы өзгерістерді бақылауды үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы, күзгі өзгерістерді ажырата білуі. Қимылды ойын. «Астықты
--------	---	--	--	--	--

Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. (шығармашылық дағдылар, музыка) Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. (шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (танымдық дағдылар) Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру. Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша". Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жабдықтар. Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар. Барысы. Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды. Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратынын және не істейтінін кеңесіп, жоспарлайды. Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». Кеңес беру: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».
--	---

ТӘРБИЕЛЕУ-ЫЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	04.09.2023	05.09.2023	06.09.2023	07.09.2023	08.09.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	«Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері туралы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту". Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме өсімдіктеріне күтім жасауды үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, айналадағы табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Өсімдіктерді тамақтандыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қорек көзі топырақ екенін түсіндіру, өсімдіктерге қоректік заттарды бере отырып, топырақтың құнары таусылатынын, өсімдіктерді қоректендіру керектігі туралы айту. Өсімдіктерді қоректендіру жолдарын түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Адал ниетпен еңбектену керектігін түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық". Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: тәрбиеші ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою және орнына жинау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
--	---	--	---	--	--

	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Үстел үсті ойыны. «Ойықтың ішіне заттарды орналастыру». Мақсат-міндеттері. Балалардың танымын, зейінін, қабілетін дамыту. (танымдық дағдылар) Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Тәрбиеші". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Тәрбиеші" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдап, жаттап алуды үйрету. Дайын суретті бояу тапсырмасы. Мақсат-міндеттері. Дайын суретті бояу	Ойын: «Көліктер». Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін ажыратуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу) Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Ойыншықтармен танысайық та, санайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттар жиынын үйрету. Дамытушы жаттығу "Саны сонша допты көрсет." Мақсат-міндеттері. Доптардың көлемі мен түсін анықтау. (танымдық дағдылар) Қазақтың ұлттық ойыны. "Алтыатар	Құрылыс ойындары «Үй құрастырамыз». Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттырып дамытады. Ойын атрибуттары: "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруды ұсынады. (құрастыру) Сюжетті-рөлді ойын. «Балабақша». Міндеттер: Балаларды балабақшада жұмыс істейтін ересектердің еңбегімен таныстыру. Рөлді қабылдау қабілетін дамыту. Ойын материалы: Қуыршақтар, ойыншық ыдыстар	«Жұбын тап». Мақсат-міндеттері. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: жемістер мен көгөністерге байланысты текшелер. Ойын барысы. Ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойын бастайды. Аты аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол бала жеңеді. (сөйлеуді дамыту) Музыкалық-	Үстел үсті ойыны. Пазл. «Қайсы отбасы мүшесі?» Мақсат-міндеттер. Балалармен отбасы туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту) Музыкадан ойын-жаттығу. "Көңілді балалар". Мақсат-міндеттері. Балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету. Дидактикалық ойын: "Сиқырлы ноталар". Мақсат-міндеттері. Әуенді тыңдап, ноталарды дұрыс орналастыруды үйрету.
--	--	--	--	--	---

Ертеңгілік жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1. Таяқшаны алға созу. 2. Оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру. 3. Таяқшаны алдыға созып ұстау. 4. Сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру. 5. Таяқшаны алдыға созып ұстау. 6. Бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. 1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу. 3-4 бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1. Оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау. 2. Сол аяқты оның қасына алып келу. 3. Оң аяқпен таяқшадан аттап, артқа бір адым жасау. 4. Сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1. Таяқшаны жоғары көтеру. 2. Оңға иілу. 3. Түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. 4. Бастапқы қалып. Сол жақпен дәл солай орындалады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдында Тып-тыныш отырамыз! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Аспанда күн ыстық. Жерде бізге кім ыстық? Өке мен шешеміз Бәрінен тым ыстық! Жасасын туыстық, Достық пен тыныштық. Күз мезгілі және ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар. Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін. Еркелеймін, еремін! Отбасы мүшелері және отбасымен өткізген демалыс туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Сәлем! Сәлем! Сәлем! Қалын қалай? Сәлем! Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Біз бақытты баламыз. (Барлығы жарты шеңбер жасап отырады, қайталайды). Әкесі мен анасы қандай жұмыс істейді, олар немен айналысатындары, үйде балаларын қалай еркелететіндері, оларға не үйрететіндері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	«Амансың ба, Алтын күн!» Амансың ба, Алтын күн! Амансың ба, Жер - Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам! Балалар кілемге дөңгелене жайғасады, бәрі бірге қайталайды. Аталары мен әжелері немен айналысатынын, олар қалай еркелететіні туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң, құсқа да, аңға да, Қайырлы таң, жайдары жанға да. Қайырлы таң алға асын, Кешке дейін жалғассын! Бауыры мен апайы, інісі мен қарындастары бір-біріне қалай қолғанат болатындары жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)
--	---	--	---	---	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Ұйымшыл балалар" Балаларды сапта бір-бірлеп жүру; заттар арасымен доптарды домалатуға үйрету; бірқалыпты жүгіру дағдыларын дамыту; дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытуға ынталандыру.	Қазақ тілі "Мен және менің балабақшам. Ойыншықтар". Мақсат-міндеттер. Балаларға сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінік беру, ересектермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларымен таныстыру. Қарт адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз. Көп адамға: «Сәлеметсіңдер ме!» - дейміз. Көршің мен досыңа: «Сәлеметсің бе!» - дейміз. Бейтаныс адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз. Педагог карточка-суреттерді атап көрсетеді: Қарт адамға: «Сәлеметсіз бе!» -	Дене шынықтыру "Достар жұптары". Мақсат-міндеттері. Балаларға допты жоғары лақтыруды үйрету.	Музыка "Көңілді балалар" Мақсат-міндеттер. Балаларға балабақша туралы әнді тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру; музыка ырғақты қимылдарды музыка әуенімен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеу.	Дене шынықтыру "Бір-бірден қатарға тұру". Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірден қатарға тұруды үйрету.
---	--	---	--	--	--

Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

Серуен	Үлескеге ұшып келген құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Құстарды танып білу, дене бөліктерін атау; құстарға қамқорлық сезімдерін ояту. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (мәселен, гүл суару). Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Допты қуып жет», «Күн мен жаңбыр» (мөлшері 2-3рет). (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Бір-бірімен	Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Жаңбыр жауып тұрған кездегі ауа райындағы өзгерістерді білуді үйрету: сұр аспан, бұлтты, бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ немесе сирек жауады, күзгі жаңбырдан кейін шалшықтағы сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың қоректері азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді. Жұмбақ. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде,	Бұлтты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. Жұмбақтар. Ақ мақта, Жүзіп барады бір жакқа. (Бұлттар.) Көзі жасты жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт.) Қимылды ойын: «Кең қадам». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.	Өрмекші мен өрмекті бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Өрмекшінің өмірі жайында терең білім беріп және олардың жоғалып кетуі жайлы әңгімелеп беру. Өрмекті елестету, өрмек ол өрмекшінің ұсақ жәндіктерді қоректену үшін құратын жіңішке, әрі берік өрілген жібі екенін айтып беру. Байқампаздықты қалыптастыру. Жұмбақ. Шидиген ұзын сирағы, Тастай керең құлағы. Сөйтіп жүріп көп жерге, Аспалы торлар құрады. (Өрмекші.) Қимылды ойын. «Маймылдар». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.	Өзенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Өзенде болатын маусымдық өзгерістерді бақылап және бәрін атап берулерін қадағалау. Су күңгірттенді, суда жүзетін құстар жоқ, балықтар мен бақалар су түбінде. Өзеннің табиғаттың негізгі ресурсы екенін және оның сұлулығына қарап, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жұмбақтар. Жазда сылдыр қағады, қыста тыным табады. (Өзен.) Бет көрсететін айнама, тауып алдым сайдан. (Ағын су.) Тәжірибе. Суға ұсақ тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Қорытынды. Ауыр
--------	--	---	---	---	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдында Тып-тыныш отырамыз!
Түскі ұйқы	"Екі дос" ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Шкафқа не жиналғанын санайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Ата-әжемнің әндері. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [а], [ә] дыбыстары. Мақсат-міндеттері. Балаларды ауылдағы еңбек туралы тақпақпен таныстыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болу қасиеттерін түсіндіру, [А], [Ә] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдар	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Атай". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Атай" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдауды үйрету. Дайын суретті бояу тапсырмасы. Мақсат-міндеттер. Отбасы тақырыбында суретті бояу. (сурет) Сюжетті-рөлдік ойын. «Қуыршақты тамақтандыр». Мақсат-міндеттері. Ірі құрылыс материалдарымен, құрастырмақтармен ойындар. (құрастыру, сөйлеуді дамыту) "Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау" дамытушылық жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балаларды жұмылу	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Әжем пісірген піспенанды безендірейік". Мақсат-міндеттері. Балалардың қарындашпен піспенанның дөңгелек пішінді сұлбасын қызғалдақ оюы арқылы безендіруге үйрету; оюды төрт жаққа қаратып, салу тәсілін игерту. Логикалық ойын. "Саны тең гүлдерді табайық". Мақсат-міндеттері. Кейіпкерлердің санын гүлдердің санымен сәйкестендіруді үйрету. (математика негіздері) Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Тазы". Мақсат-міндеттері. Үй жануарларының	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Отбасы шежіресі". Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы туралы білімдерін кеңейту; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беру қабілетін қалыптастыру. Дидактикалық ойын. "Туыстық атауларды ажырат". Мақсат-міндеттері. Отбасындағы туыстық атауларды танып, бір-бірінен ажыратуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) «Кімнің заттары?» ойыны. Мақсат-міндеттері. Жақын адамдарына тиесілі заттарды тауып айту. Боямақтар, пазлдар, мозаикалар және тағы басқалар.	Жапсырудан ойын-жаттығу. "Менің әжем". Мақсат-міндеттері. Балаларды көлемі үлкен шеңберден әженің басын, жартысы қиылған шеңберден әженің денесін қағаз бетіне орналастырып, көлемі орташа шеңберлерді тең ортасынан екіге бүктеп, әженің шашын жапсыруды үйрету. Вариативті компонент. Құрастыру "Мен және менің отбасым". Мақсат-міндеттер: балаларды қағаздан отбасы мүшелері: әке мен ананы құрастыру амалдарымен таныстыру; жарты шеңберді бұру арқылы геометриялық дене: конусты жасауға
--	--	---	--	---	--

Балалармен жеке жұмыс	Тапсырма: суреттерді мұқият қарап шық. Барлық заттарды есіңе сақтауға тырыс. Кітапты жауып, суретте не салынғанын айтып бер. (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын. "Күзде не болады?" Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын ажырата білу. Барысы: педагог балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді таратады. Бала осы суреттердің ішінен күз мезгіліне байланысты суретті таңдап алады және де суретті бейнелеп береді. Мысалы, "Күн бұлттардың артында жасырынып тұр". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын. "Жамауын тап". Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттің жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету. Барысы: педагог әр баланың алдына мысықтар бейнеленген суретті таратады және сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды таратады. Балалар суретте жоқ домалақтардың үстіне сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды орналастырады. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	Театрды сахналау. "Үйшік" ертегісін сахналау. Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұнын, кейіпкерлердің әрекеттерін естерінде жаңғырту, театр өнеріне қызығушылықтарын арттыру. (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын "Жанды және жансыз табиғат". Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі және жансыз табиғат туралы білімдерін жүйелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
-------------------------------------	---	--	--	---	--

Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін түймелеп, аяқ киімнің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

Серуен	Үлескеге ұшып келген құстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Құстарды танып білу, дене бөліктерін атау; құстарға қамқорлық сезімдерін ояту. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (мәселен, гүл суару). Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Допты қуып жет», «Күн мен жаңбыр» (мөлшері 2-3рет). (дене шынықтыру)	Жаңбырды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Жаңбыр жауып тұрған кездегі ауа райындағы өзгерістерді білуді үйрету: сұр аспан, бұлтты, бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ немесе сирек жауады, күзгі жаңбырдан кейін шалшықтағы сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың қоректері азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді. Жұмбақ. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын.	Бұлтты бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. Жұмбақтар. Ақ мақта, Жүзіп барады бір жакқа. (Бұлттар.) Көзі жасты жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт.) Қимылды ойын: «Кең қадам». (дене шынықтыру)	Өрмекші мен өрмекті бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Өрмекшінің өмірі жайында терең білім беріп және олардың жоғалып кетуі жайлы әңгімелеп беру. Өрмекті елестету, өрмек ол өрмекшінің ұсақ жәндіктерді қоректену үшін құратын жіңішке, әрі берік өрілген жібі екенін айтып беру. Байқампаздықты қалыптастыру. Жұмбақ. Шидиген ұзын сирағы, Тастай керең құлағы. Сөйтіп жүріп көп жерге, Аспалы торлар құрады. (Өрмекші.) Қимылды ойын. «Маймылдар». (дене шынықтыру)	Өзенді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Өзенде болатын маусымдық өзгерістерді бақылап және бәрін атап берулерін қадағалау. Су күңгірттенді, суда жүзетін құстар жоқ, балықтар мен бақалар су түбінде. Өзеннің табиғаттың негізгі ресурсы екенін және оның сұлулығына қарап, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жұмбақтар. Жазда сылдыр қағады, қыста тыным табады. (Өзен.) Бет көрсететін айнама, тауып алдым сайдан. (Ағын су.) Тәжірибе. Суға ұсақ тастар мен жаңғақтарды лақтыру.
--------	--	--	--	--	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдында Тып-тыныш отырамыз!				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау.	Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарда әдепті балалар өздерін қалай ұстау керек?»	«Асығыс тамақтанудың зияны» тақырыбында кеңес.	"Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу.	«Балаларға арналған үй жиһазы» атты сұрақ-жауап.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	11.09.2023	12.09.2023	13.09.2023	14.09.2023	15.09.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Кейбір күндері бала ауырып қалғандықтан балабақшаға келмей қалса, ата-анасы балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігін түсіндіру.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру, ойын бұрышындағы кезекшілікті атқаруды үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Ұйымдастырылған іс-әрекеті уақытында оқу құралдарын тарату, оларды орнына жинау, тамақ ішерде тәрелкелер мен қасықтарды қою, ішіп болған соң жинасу сияқты жұмыстарды үйрету. "Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іс үшін жауапкершілікті сезінуді дамыту, балаларға білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты ұстауды үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Еңбек етуге, ересектерге көмектесуге ниеттерін тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп» (тәрбиешінің көмекшісімен бірге). Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіп сақтауды, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталануды, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
--	---	--	---	--	---

	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Үстел үсті ойыны «Мозаика». Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып, дұрыс орналастыруды үйрету. Тапқырлықты дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Шағын кітапхана «Кітаптар әлемі» Міндеттер: Кітап түрлерімен танысады. (Көркем әдебиет)	Дидактикалық ойын «Түстері бойынша бөл». Мақсат-міндеттері. Өз еріктерімен суреттерді бояуды үйрету. (сурет салу, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Зерттеу іс әрекет: Тақырыбы: Түрлі түсті бояулар Міндеттер: түстердің өзгерістеріне зерттеу жүргізеді. (қоршаған ортамен таныстыру)	«Мозаика» Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі заттарды, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, олардың түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Дидактикалық ойын: «Мейірімділік жібi» Міндеттері: Балалар бір - бірлеріне тілектер айта біледі (сөйлеуді дамыту)	«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Тілдерін дамыту. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Шағын кітапхана Міндеттер: Кітаптар қарай отырып, жаңа кейіпкерлермен танысады. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) «Биік үй» Құрылыс материалдарынан құрастыру Міндет: Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден үй құрастыра алады. (Құрастыру)	Дидактикалық ойын. «Кімнің дауысы?» Балаларды өз еріктерімен ойнату. Геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) М. Монтессори технологиясымен жұмыс. Міндеттер: Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізеді. (Математика негіздері, сөйлеуді дамыту)
--	--	---	--	--	---

Ертеңгілік жаттығу	1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде. 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "Міне!" дейді 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында. 2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "Міне!" дейді. 3. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқтарын алшақ қояды, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 3.1. Жерге отырған қалыпта қолдарын шапалақтайды. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене тік, қол көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстау. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Ойын жаттығуы. "Сабын қолғаптары". Мақсат-міндеттері. Балаға қолдарының сыртқы және ішкі жағынан сабындауды үйрету. Бұл бөлімде ойын жаттығуларын немесе мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуға, үстелге қою дағдыларын және үстелдегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ойындарды жоспарлаңыз. (сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын кең аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң, құсқа да, аңға да, Қайырлы таң, жайдары жанға да. Қайырлы таң алға ассын, Кешке дейін жалғассын! Жанды табиғат туралы әңгімелесу. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын кең аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. Жансыз табиғат туралы әңгімелесу. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Қайырлы таң, ашық аспан! Қайырлы таң, кең далам! Қайырлы таң, күннің нұры! Қайырлы таң, балабақшам! Бәрі бірге айтады. Күз мезгілінің алғашқы айындағы ерекшеліктері, табиғат жайлы әңгімелесу. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Достар бері, келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. (Г.Абдрахманов) Шеңберде қол ұстасып тұрып, өлең жолдарын бірге айтады. Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
--	--	---	---	---	---

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру. "Қатардан қалма". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіруді үйрету.	Қазақ тілі "Менің жанұям мен туыстарым". Мақсат-міндеттер: балаларға отбасы, отбасы мүшелері туралы түсінік беру; отбасы, туыстық қатынас туралы түсініктерін дамыту. Музыка "Біздің балабақшада ойыншықтар көп". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен	Дене шынықтыру "Қатарда жүру түрлері". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатарға бір-бірден тұру; жүруді жүгірумен кезектестіру дағдыларын дамыту; орындықта көлденеңінен еңбектеуді үйрету.	Музыка "Ата-ананы тыңдаймыз". Мақсат-міндеттері. Балаларды ата-ана туралы әннің сын-сипатын ажыратуды үйрету.	Дене шынықтыру "Бір орнынан биікке секіру". Мақсат-міндеттері. Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруді үйрету.
---	---	---	---	---	---

Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
--------------------------	--

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін ретімен киюді, барлық түймелерін түймелеуді, бір-біріне көмектесуді үйрету. Бақшадағы көгөністерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) (Қырыққабат, қызылша, қызанақ, бұршақ.) Тақпақ. Көгөністі көп ектік, Өссін, піссін деп ектік, Көктемде екен көгөніс, Күзде берді көп өнім. Бақылау: көгөністер жөнінде білімдерін кеңейту: аты, түсі, дәмі, тағам түрінде қолданылуы, құрамындағы дәрумені; күзде көгөністерді жинау;	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерді ретімен киюді, түймелерің түмелеуді, бір-біріне көмектесуді үйрету. Гүлдерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Гүлдердің атауларын, оларды бір-бірінен ажыратуды үйрету. Тапқырлықты, ақыл-ой ұшқырлығын дамыту. Нарғызгүл (георгин), қашқаргүл (астра), қымызыгүл (календула). Жұмбақ. Құлпырса қадірлейді, аялайды, Құрғаса сыпырғышқа жарамайды. (Гүл.) Бақылау: гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айрықша белгілерін анықтауды үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін рет-ретімен киюді, түймелерін анықтап түймелеуді, бір-біріне көмектесуді үйрету. Түскен жапырақтарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, сурет салу) Мақсат-міндеттері. Күзгі табиғаттың сұлулығын байқауды үйрету. Тілін дамыту. Жұмбақ Ағайынды бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары. (Жапырақ.) Бақылау: ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына балалардың назарын аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін рет-ретімен киюді, түймелерін анықтап түймелеуді, бір-біріне көмектесуді үйрету. Шалшықтағы суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Көркем сөз. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетінді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы. Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінің ерекшеліктерін байқауды үйрету. Бақылау: балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге тез сіңіп, ал күзде жерге тез сіңіп	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін рет-ретімен киюді, түймелерін анықтап түймелеуді, бір-біріне көмектесуді үйрету. Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақал-мәтел. Еңбексіз өмір – сөнген көмір. Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау, еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула
----------------------	--	---	--	--	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешіну, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы.				
Түскі ұйқы	«Құйыршық» ертегісін оқып беру, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба» (музыка)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. «Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				

Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы.
-----------------	---

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Менің мекенім тақырыбына әңгімелесу". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымдарында мекенжай туралы түсініктерін қалыптастыру. Қазақстандағы ауыл мен қала елді мекендер мен табиғаттың ерекшеліктері жөнінде жалпы ұғымдар беру. Дидактикалық ойын. «Көрші-көрші». Үстел ойындары: лото, домино. (математика негіздері) Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Жабайы жидектер". Мақсат-міндеттері.	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Арқасын жиырған мысық". Мақсат-міндеттері. Балаларға арқасын жиырған мысықтың бейнесін бормен салу амалдарын үйрету; қағаздың ортасына мысықтың денесі мен аяқтарын доғалы сызық негізінде салып, бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына ұзын құйрықты салу тәртібін қалыптастыру. Ойын-жаттығу. "Бірдей мысықты тап". Мақсат-міндеттері. Байқампаздықты, сөйлеуді, зейінді, ойлау қабілетін дамыту. Дидактикалық ойын «Тап та, атын ата». Мақсат-міндеттері. Түсті қабылдауын	Мүсіндеуден ойын-жаттығу. "Сұр қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлшектерді біріктіру арқылы сұр қоянды мүсіндеуді үйрету. Вариативті компонент. Математика негіздері "Цирк әртістері". Мақсат-міндеттер: балаларды 2 саны және цифрымен таныстыру; 2 санының жасалу жолын көрсету; 1 және 2 цифрының бейнесін айыра білуге үйрету; 2 санын дұрыс жазуға жаттықтыру. «Пішінді құрастыр». Мақсат-міндеттері. Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Санауды үйренемін. Тәулік бөліктері". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәулік бөліктері жөнінде, "таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" туралы түсініктерін тиянақтау, заттардың саны, заттарды белгілейтін сандар туралы ұғымдарды қалыптастыру. Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Ормандағы оқиға". Мақсат-міндеттері. Балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру. Дидактикалық ойын: "Қандай ағаш екенін тап!" Мақсат-міндеттері.	Құрастырудан ойын-жаттығу. "Ханзада бақа". Мақсат-міндеттері. Балаларды ағайынды Гриммнің "Бақа ханзада" ертегісінің басты кейіпкері бақаны қағаздан құрастыруды үйрету. «Жұбын тап». Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді қайталау, оларды салыстыруға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналастырылған пішіндер. Ойын барысы: балаларға геометриялық пішіндер беріледі, балалар тура сондай түсті пішінді табады. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру, жапсыру)
--	--	--	---	--	---

Балалармен жеке жұмыс	«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөйлеу тілін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) "Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын, жақын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Дидактикалық ойындар "Геометриялық пішіндер". Мақсат-міндеттері. Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету. Көрнекілік: геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы. Барысы: балалар геометриялық ұшбұрыш, шаршы, дөңгелек тәріздес пішіндерді пайдаланады. Педагог тапсырма береді, балалар оны жеке орындайды. (математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, жапсыру) 1-тапсырма. Дөңгелектерден біреуін артық етіп, үшбұрыштарды қойындар.	Дидактикалық ойын "Жұмбақ сан". Мақсат-міндеттері. Балаларды қосу мен алудың қарапайым математикалық әрекеттеріне дайындауға ықпал ету; алдыңғы және кейінгі сандарды алғашқы ондықта анықтау дағдыларын нығайтуға көмектесу. Сипаттама. Мысалы, үш санынан үлкен, бірақ бес санынан аз; қай сан үштен аз, баладан соны болжауды сұраңыз. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал мұғалім аталған саннан көп немесе аз деп айтады. Содан кейін баламен рөлдерді өзгертуге болады. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)	Театрды сахналау. "Қасқыр және жеті лақ" ертегісінің желісін саусақ театры арқылы сахналау. Мақсат-міндеттері. Ертегі желісінің мазмұның білуге үйрету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Геометриялық фигуралар Мақсат-міндеттері. Геометриялық фигуралар туралы түсініктерін қалыптастыру. (математика негіздері, құрастыру, жапсыру, сурет салу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)
-------------------------------------	---	--	---	--	---

Серуенге дайындық	Алдымен топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, орнына қойып, киімдерді ретімен киюді үйрету. Ауыстырған киімдерін орнына бүктеп қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету. (сөйлеуді дамыту, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)
Серуен	Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Жанды және жансыз табиғат" тақырыбында жеке әңгімелесулер. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешіп, шкаф сөрелеріне реттеп орналастыруды үйрету, қолдарын жуу. (дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)
Кешкі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Отбасы мүшелері туралы әндер жаттау. Ертеңгіліктерге дайындық. (музыка) Өнер бұрышында отбасы мүшелері мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Еркін ойындар. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Теартлық қойылымдар. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	«Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу.	«Менің достарым» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру.	«Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу.	Ата-аналардан сауалнама алу.
--	--	---	--	--	------------------------------

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	18.09.2023	19.09.2023	20.09.2023	21.09.2023	22.09.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен баласының ленсаулығы туралы жеке әңгімелесу (Мысалы, күзде ЖРВИ кезеңінде және ЖРВИ алдын алу шаралары немесе карантин тобында желшешек ауруы болса осы тақырып бойынша кеңес беруді немесе жеке кеңес беруді көрсету).				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау, оларды жуу, кептіру, сұрту және орнына жинау. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өзінің және басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Оқу құралдары қойылатын шкафта тәртіпті сақтау". Мақсат-міндеттері. Балаларға өз беттерімен шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сұртуді үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларға сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңдерін түру, шүберекті сулау, құрғатып сығу, кірлеген шүберекті сумен шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)	"Біз орындықтарды орнына қоямыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам орындау. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дербес әрекет)
--	--	--	--	--	---

	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) «Емхана» сюжетті-рөлдік ойын. Мақсат-міндеттері. Балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Балаларды дәрігер, медбике рөлін ойнауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, қазақ тілі) Шағын кітапхана: «Кітаптар әлемі» Міндеттер: Балалардың кітапқа деген қызығушылын арттыра отырып, ұқыпты ұстауға үйретеді. (көркем әдебиет)	Құрылыс ойындары «Аспалы көпір». Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. (құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Зерттеу іс-әрекет: Тақырыбы: Судың қасиеттері Міндеттер: судың үш қасиетіне зерттеу жүргізеді. үш күйде кездеседі: қатты(қар,мұз), сұйық, газ түрінде – бу. (қоршаған ортамен таныстыру)	«Кім зейінді?» Мақсат-міндеттері. Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі заттарды құрастыру. Көрнекілік: сіріңке қорабында геометриялық пішіндер. Барысы: тәрбиеші геометриялық пішіндерден әртүрлі бейнелерді құрайды. Жылдам құрастырған балаға мақтау айтылады. (құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері) Дидактикалық ойын: «Жасырынған аңдарды тап» Міндеті: Балалардың логикалық ойлау қабілеті дамиды. (Қоршаған ортамен	Дидактикалық ойыны. «Төлдерін тап». Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін тиянақтау. Алдарындағы суреттен үй жануарлары мен олардың төлдерін сызық арқылы қосу керектігін түсіндіреді. Қай малдың төлі қалай аталатынын айтқызады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Тақпақ жаттау Н. Жанаев Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Дидактикалық ойын. "Жамауын тап". Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттің жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету. Барысы: педагог әр баланың алдына мысықтар бейнеленген суретті таратады және сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды таратады. Балалар суретте жоқ домалақтардың үстіне, сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды орналастырады. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Шығармашылық ойын: «Менің қиялым»
--	--	---	---	---	--

Ертеңгілік жаттығу	1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде. 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "Мінеі" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол кеуде тұсында. 2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "Міне!" дейді. 3. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқ арасы алшақ, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 3.1. Жерге отырған қалыпта қол шапалақтау. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене тік, қол кеуде тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын кеуде тұсында ұстау, жұдырық түю. 4.2. Бастапқы қалып: алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)
Таңғы ас	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Сылдырлайды мөлдір су. Мөлдір суға әрдайым Беті-қолды тазалап жу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сәлем, күнім! Сәлем, жер! Сәлем, досым! Сәлем, ел! "Сәлем" деймін әрқашан, Арайлы, балабақшам! Жанды және жансыз табиғатты пысықтау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	«Достық» шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Табиғатты қорғаймыз. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. Қазақстан Республикасының алғашқы Елбасы және қазіргі президенті жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң, құсқа да, аңға да! Қайырлы таң, жайдары жанға да! Қайырлы таң, алға ассын! Кешке дейін жалғассын! (Жарты шеңбер құрып отыр. Бәрі бірге айтады.) ҚР Мемлекеттік Рәміздері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	«Армысың шапағатты, Күн- Ана!» Армысың шапағатты, Күн-Ана! Армысың қайырымды, Аспан- Ана! Армысың мейірімді, Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа! "Қазақ тілін мақтан тұтамын" атты тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)	Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!"- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!» - деп кіремін. Шеңбер бойымен тұру, бір-біріне күлімдеп қарау. Тілдер мерекесі жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)
--	---	--	--	---	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Шынықсаң - шымыр боласың". Мақсат-міндеттері. Балаларға құрсауларды домалатуды үйрету.	Қазақ тілі "Уақыт. Тәулік бөліктері. Күн тәртібі." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы тәулік бөліктері туралы білімдерін, уақыт туралы түсініктерін қалыптастыру, күн тәртібін құру қағидасын түсіндіру; «ереже», «күн тәртібі» туралы түсініктерін дамытуға ықпал ету. Музыка "Жау, жау, жаңбыр" Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты	Дене шынықтыру "Біз алғырмыз". Мақсат-міндеттер. Балаларға аяқтың ұшымен жүгіруді; гимнастикалық орындықтың үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету.	Музыка "Жаңбыр" Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тыңдап отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Бөренемен төрттағандап жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі қатармен жүруді жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; сапта тұрып, тізені жоғары көтеріп адымдауды үйрету.
---	--	---	---	---	---

Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

Серуен	Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Ағаштарды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Көркем сөз. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі, Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі. Бақылау: ағаштардың 2-3 түрін сыртқы белгілерінен (шырша, қайың, терек) тану және ажырату. Маусымдық өзгерістер кезінде ағаштарды бақылау, жапырақтарының азаюына назар аудару. Жапырақтардың жазда және күзде қандай түсте болатынын анықтау. Қимылды ойын.	Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Шөптің солуды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет) Жұмбақ. Дала кілемі. Ол не? (Шөп, өсімдіктер.) Бақылау: балалардың ұғымындағы шөптің түрінің өзгеруі туралы түсініктерін көңейту. Өсімдіктерге қызығушылықтарын дамыту. Қимылды ойын. «Көгершін» ойыны. (дене шынықтыру) (Шешен-ингуш халықтарының ұлттық ойыны) Мақсат-міндеттері. Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып,	Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Шыбын-шіркейлердің жойылуын бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет) Жұмбақ. Шидім, шидім, шидім құс, Ши басына қонған құс. Қарқаралы қара құс, Хан басына қонған құс. (Шыбын.) Бақылау: күз мезгілінде шыбын-шіркейлердің өмір сүруін, олардың тастар мен жапырақтардың астына тығылуын бақылау, қорытынды жасау. Ауа райының салқындауына байланысты жәндіктердің жоғалуы.	Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Саңырауқұлақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет) Жұмбақ. Сырты бүтін, Іші түтін. (Саңырауқұлақ.) Жеуге жарамды – ақ түсті, майлы. Улы – шыбынжұт (мухомор), бозарыңқы арамқұлақ. Бақылау: саңырауқұлақтарды ажырата білу, олардың сырт бейнесіне қарап тану (түсі, пішіні). Бөліктерін атап беру: аяғы, қалпағы. Күз айының кереметін ұғыну, мейірімділікке тәрбиелеу. Қимылды ойын.	Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Жапырақтардың түсуін бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет) Жұмбақ. Ағайынды бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары. (Жапырақ.) Бақылау: өсімдіктер дүниесінің маусымдық өзгерістері туралы түсініктерін толықтыруды жалғастыру; жалаңаш ағаштар. Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қандай болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты тануды және табиғатпен қарым-қатынастан
----------------------	---	---	---	---	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Аудио тыңдау М.Беспаевтің орындауындағы ән «Әлди, әлди әні». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Алтын сақа ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. "Түлкі мен қоян" ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Өз төсектерін салуды біледі. Аудио тыңдау Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні. (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру, мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу Тақырыбы: "Туыстар. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ы], [і] дыбыстары". Мақсат-міндеттері. Балаларға туыс адамның отбасындағы орны туралы түсіндіру; [Ы], [І] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болу мысалдарын көрсету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Үстел-үсті ойындары. "Пазылдар". Мақсат-міндеттері. Зейін, ойлау және визуалды есте сақтау қабілеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту,	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Астанаға саяхат". Мақсат-міндеттері. Балаларды Астана қаласының әсем ғимараттарымен таныстыра отырып, қала туралы әңгімелеп беруді үйрету. Қимылды ойындар «Ұшты-ұшты». Мақсат-міндеттері. Шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар бастаушының сөзін қалт жібермей, тыңдап отырулары керек. Ұшатын құс немесе зат туралы айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады немесе ән салады. Екі рет	Жапсырудан ойын-жаттығу. "Көк тудың желбірегені". Мақсат-міндеттері. Балаларды көк түсті қағаз бетіне қыран және күннің қимаулігілерін жапсырып, тудың бейнесін құрастыруды; күн мен күн шуақтарының үстіне тарыны, қыранның үстіне қарақұмықты желімнің көмегімен жапсыруды үйрету. Дидактикалық ойын. «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды бір-бірлеп атап бер". Мақсат-міндеттері. Үй жануарларын бір-бірінен және төлдерін ажырата білуді, оларға күтім және қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Ойын ережесі:	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Менің көшемде не бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың екі және үш сандары жөніндегі ұғымдарының негіздерін қалыптастыру, "оң қол", "сол қол" ұғымдарын тиянақтау. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу) Вариативті компонент. Құрастыру "Көрнекті ғимарат". Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс материалдары: тақтайша, текше, кірпіш, цилиндр, призма, пирамида, арканы пайдаланып екіқабатты ғимаратты	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Ормандағы оқиға". Мақсат-міндеттері. Балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет) Дидактикалық ойын. «Киім дүкені» Мақсат-міндеттері. Ойын барысында рөлдерді ойнауды үйрету. Сатушы әртүрлі киім түрлері туралы әңгімелейді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)
--	---	---	--	--	---

Балалармен жеке жұмыс	«Сикырлы қапшық» Мақсат-міндеттері. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруды, топтастыруды үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны. Балалар «Сикырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, оның пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)	Дидактикалық ойын. «Не артық?» Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажыратуды үйрету. Әр баланың алдына жемістер мен көгөністер араласқан суреттер беріледі. Артығын тауып атауды ұсынады. Жемістер мен көгөністерді ажыратады. Мысалы: алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда орамжапырақ артық, өйткені ол көгөніске жатады, қалғаны жемістер. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)	Артикуляциялық жаттығу Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. 1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбандаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр. 2) Ыр-ыр-ыр-ырылдайды қасқыр, Ра-ра-ра- бал жинайды ара, Мір-мір-мір- қап-қара көмір. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)	«Дәл осындай пішінді тап». Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауды, ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: бала санына қарай бірнеше құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: алдарындағы сикырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сикырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алады, құлыпты ашады. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу,	«Кел, жазайық.» Мақсат-міндеттері. Тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. (сөйлеуді дамыту) Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі.
-------------------------------------	---	--	--	--	---

Серуенге дайындық	Алдымен, топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, аяқкиімді орнына қойып, киімдерді рет-ретімен киюді үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп, орындарына қойғандарын қадағалау. (дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)				
Серуен	Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Менің Қазақстаным" тақырыбында жеке әңгімелесулер. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру)				
Серуеннен оралу	Балаларға киімдерін жүйелі түрде шешіну дағдысын үйрету, шкаф сөрелеріне киімдерін жинауды, қолдарын жууды қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Театрды сахналау. "Арыстан мен тышқан" ертегі желісін маскамен сахналау. Мақсат-міндеттері. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Еркін ойындар. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Өнер бұрышында табиғат әлемін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу.	Балалардың тәртібі жайлы әңгімелесу.	«Бала неге тіл алмайды?» тақырыбында әңгімелесу.	«Отбасында отансүйгіштікке тәрбиелеу» туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналар жиналысы: «Отбасы — тәрбие бастауы».

ТӘРБИЕЛЕУ-ЫЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	25.09.2023	26.09.2023	27.09.2023	28.09.2023	29.09.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ұйымдастырылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оған керекті заттар туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларды жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарау, бірге жұмыс істеу, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Біздің шкафта тәртіп бар". Мақсат-міндеттері. Балаларға сыртқа киімдерін қоятын шкафта тәртіп сақтауды үйрету. (дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)	"Асханада кезекшілік атқару". Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтаудағы ретсіздікті көре білу. (еңбек дағдылары, сөйлеуді дамыту)	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қояды және ұқыптылыққа үйрену. Еңбекке баулу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді ұқыпты түрде бүктеп жинау. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге тәрбиелеу. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
--	---	---	---	---	--

	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балалардың паритоттық сезімдерін оятады. (музыка) Құрылыс ойындары "Жануарларға арналған балабақша", "Қуыршақтарға арналған үй". Мақсат-міндеттері. Ағаштардан үй құрылысын жасауды үйрету. Тиянақтылыққа дағдыландыру. (құрастыру)	Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар». Мақсат-міндеттері. Тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың ойыншығына) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу) Сөздік ойын: «Кім тапқыр?» Міндеттер: Берілген дыбыстың орнын таба білуге	«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттардың атауларын жалпылауды, заттарды бір-бірінен ажыратуды үйрету. Ойынның шарты. Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар бар: ойыншықтар, оқу құралдары. Сол заттардың ішінен оқу құралдарын бір бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек. Оқу құралдары мен ойыншықтарды бөлек жинайды. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Санамақ Міндеттер: Балалар оңай санау әлісін	Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер". «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді өзара қосып, қарлығаштың суретін шығарады. (сурет салу, сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын: «Әдептілік әліппесі». Міндеттер: Сурет көрсете отырып, өз-өзін тәрбиелеуге үйренеді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі)	Суреттерді бояу Суреттерді бояу, беттерін де бояу. Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (сурет салу, сөйлеуді дамыту, жапсыру) Дидактикалық ойын: «Сен жасыр, біз табамыз» Міндеттер: Балалардың логикалық ойлау қабілеті дамиды. (танымдық дағдылар)
--	--	--	---	--	---

Ертеңгілік жаттығу	1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол кеуде тұсында. 2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 3.1. Орындарында тұрып, бастарын оңға және солға бұрады. 3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол кеуде тұсында. 4.1. Қолдарын жандарына созады. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу. 5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)
Таңғы ас	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Ас ішуге тұрайық, Қолымызды жуайық. Сабын мен суды аямай, Тазалықты сақтайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қылқалам ханшасы». Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге жиналып тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, музыка)	«Тілек тілеу». Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып тұрады, тақпақты қайталайды). (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.	Сәлем, саған, ыстық жерім! Сәлем, саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр күйі! (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Бір-біріне жылулық сыйлап, достық, топтың ережесі туралы әңгімелесу.	Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң, Жер-Ана! Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-анам! (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, сурет салу) Алтын күз жайлы әңгімелесу.	Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Жапырақтар туралы әңгімелесу.
--	---	--	--	---	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Кедергіден өту амалдары". Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында тұрып секіру; допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуды (1,5 м қашықтықта) үйрету.	Қазақ тілі "Қазақстан - менің Отаным. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері". Мақсат-міндеттері. Балалардың Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы түсініктерін дамыту; Қазақстан туралы өлеңмен таныстыру; кіші отан туралы түсініктерінің қалыптасуына ықпал ету. Мнемокарточкалар негізінде сөздік жұмыс "Қазақстан жайында...". Музыка "Күздің ғажайып құбылыстары". Мақсат-міндеттері. Балаларға әнді тыңдай отырып, мағынасын түсінуді және ырғақты	Дене шынықтыру "Кедергілерден өту ойындары". Мақсат-міндеттері. Балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіруді үйрету.	Музыка "Күн дидарлы Қазақстан". Мақсат-міндеттері. Балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету.	Дене шынықтыру "Саршұнақтай жылдам болайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру.
---	--	--	---	---	---

Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)
--------------------------	--

Серуен	Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау (шырша, қарағай) (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Қысы-жазы бір түсте. (Шырша) Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды тану (2 түрі, қылқанжапырақты қарағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағайдың ұзын инелері бар, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шыршаның инелері қысқа және қою жасыл түсті. Табиғатқа сүйіспеншілікті арттыру. Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.	Бұтақтарды бақылау (итмұрын, мамыргүл (сирень), кара жемісті шетен, мойыл). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Өсімдіктің тікенегіне байланысты аталған. Жемісін жұлып алсаң, оның тікені қолыңа кіреді. (Итмұрын.) Одан көз ашиды, жапырақтары өткір, түсі шұбар. (Шетен ағашы.) Бақылау: сыртқы белгілерге қарап бұталардың 2-3 түрін танып білу; оларды ағаштардан айыру. Табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Белгіні тыңда». Мақсат-міндеттері. Ойын ережелеріне бағынуды, дұрыс жауап беруді үйрету.	Жеміс ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Тақпақ. Жеміс біткен бау-бақша, Жемін жайды жан-жаққа. Бақта құстар сайрады, Құйқылжытып сан-саққа. Қолға ап бақша құралын, Суды атызға бұрамын. Ағаш түбін копсытып. Арам шөпті жұламын. Бақылау: балаларға ағаштардың түстерінің өзгеруін, өсуін көру, жемісін бақылау (ранетки). Жасыл, піспеген жемісті жеуге болмайтынын, піскен жемісті ғана жеу керектігін түсіндіру. Қимылды ойындар.	Торғайды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, математика негіздері, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Мақсат-міндеттері. Торғайдың тіршілік етуінің ерекшеліктері, өмір көріністері туралы білімді тереңдету; балалардың назары мен жадын белсендіру. Бақылау барысы: - Торғай қандай? - Ол немен қоректенеді? - Қалай ән айтады? Торғай - кішкентай құс. Торғайдың артқы жағы қоңыр, қара жолақтары бар. Құйрығы мен қанаттары қара, қоңыр, иек пен тамағы қара, бірақ басының түсі сұр. Торғай - епті құс, ол	Балаларды серуенге ынталандыру: серуенге керекті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Бақылау: күздің алғашқы өзгерістері және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр бұлттар, бұлыңғыр аспан, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтартардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүйге баулу. Қимылды ойын.
--------	--	---	--	---	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. «Үш аю» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады. «Жеті лақ» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды біледі. «Бауырсақ» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сюжеттік-рөлді ойын. «Шаштараз». Мақсат-міндеттері. Балаларды шаштараз ойынымен таныстыру, шаштарын үнемі тарақпен тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Менің өлкем". Мақсат-міндеттері. Балаларды Қабдыкәрім Ыдырысовтың «Менің өлкем» өлеңнің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру. "Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны. Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы жақта тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, ең жылдам бала қағып алсын!» - деп допты лақтырады да, өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта	Сурет салудан ойын-жаттығу Тақырыбы: Ыдыстар. Мақсат-міндеттері. Балаларды акварель бояуларымен таныстыруды жалғастыру, акварель бояуын суға езу, бояуды қылқаламмен араластырып қоюландыру тәсілін қалыптастыру; қылқаламмен шеңбер және жарты шеңбер пішіндерін бір-бірінің қасына салып, табақша мен шыны-аяқ суреттерін бір сюжетке біріктіруді үйрету. Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?" Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді дамыту, іс-әрекетті сөзбен түсіндіруді үйрету. Дидактикалық ойын. "Басқаша айт". Мақсат-міндеттері.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Қыран". Мақсат-міндеттері. Балаларды қыранның сыртқы бейнесімен таныстыру; қыранды тануды, оның тіршілік етуіне қызығушылықты дамыту. Дидактикалық ойын: "Қыранды тап". Мақсат-міндеттері. Құстардың бірнеше бөлікке бөлінген суреттерінен қыранды білдіретін суретті табуды үйрету. Зейін, байқампаздық қабілеттерін дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Театрды сахналау. "Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау. Мақсат-міндеттері.	Вариативті компонент. Математика негіздері "Үш марғау" Мақсат-міндеттер: балаларды 3 санының жасалуымен және 3 цифрымен таныстыру; бірнеше заттар тобын салыстыра білуге, үлкен санды атай алуға жаттықтыру; "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету. «Балықшы». Мақсат-міндеттері. Білімдерін тиянақтау, ойлау қабілетін дамыту. Көрнекіліктер: аквариум суреті, балықтар. Ойынның барысы: балалар суреттегі аквариумнан балықтарды аулап алады да, балықтың түсін айтады. (қоршаған ортамен
--	---	---	---	--	---

Балалармен жеке жұмыс	«Әдемі кілемшелер». Мақсат-міндеттері. Бөліктерден кілемше жасауды үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, әдемі құрақ құрайды. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, жапсыру)	Жаңылтпаш жаттайық. 1) Доп деп, Дөп теп. 2) Қапыда ит қапты, Қатты қапты, Қапты қатты. 3) Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марка арқар бар. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)	"Жомарт күз" Мақсат-міндеттері. Жомарт күз тақырыбында суретке қарап әңгіме құрастыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Артикуляциялық жаттығу. 1) Ара болсаң, ызыңда З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з- з-з) - қатты\жай 2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса. (сөйлеуді дамыту)	Кел, санайық 1-ден 5-ке дейін және кері санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, бір-бірінен ажыратуды үйрету. (математика негіздер) BilimKids мультфильмін көрсетіп пысықтау. Бес балапан (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері)
Серуенге дайындық	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Алтын күз" тақырыбында жеке әңгімелесулер. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)				

Серуеннен оралу	Балаларға киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. (мәдени-гигиеналақ дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Театрлық қойылымдар. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу, музыка, дене шынықтыру, сурет салу, құрастыру) Өнер бұрышында қалаларды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Еркін ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Жеке бас тазалығынң негізгі ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу.	«Отбасымен бірге серуенге шығу» тақырыбында көрме ұйымдастыру.	Жоба: "Жомарт күз" тақырыбында көрме ұйымдастыру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	"Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз?" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	02.10.2023	03.10.2023	04.10.2023	05.10.2023	06.10.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ұйымдастырылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оларға керекті заттар туралы ата-аналармен әңгімелесу.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері: балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Біздің шкафта тәртіп бар". Мақсат-міндеттері: балаларға сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде ұқыптылыққа үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттері: балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығының ретсіздігін көру. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттері: еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні іліп қою және ұқыптылықты үйрену. Еңбекке баулу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету, шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіп сақтауға дағдыландыру. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
--	---	--	--	--	--

	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Үстел үсті ойыны. "Лото. "Ұл мен қыздың киімдері". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. - Кімге не қажет? Қыз бен ұлға киім таңдау. "Қатарға тұрып билейік" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! Қала салсақ, жол салсақ. "Қайда барсаң, соны табасың" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерлі	"Сақина" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды зеректікке, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бастаушы шеңбер ішіне, ал балалар шеңберді айнала тұрады. Алақанында сақина бар, оны екі қолды біріктіріп, кезек-кезек балалардың алақанын ашып, байқатпай балалардың біріне беруге тырысады. Балалар бастаушының әрекетін және достарын мұқият бақылайды. Сақинаға ие болған бала басқаларға білдірмеу керек. Белгі бойынша бастаушы: "Сақина, қане шықшы ортаға!" – дегенде сақина	"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру. Мақсат-міндеттері. Байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға сүйіспеншілікті арттыру. Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу, Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?" Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Біз көмекші болып жүреміз, (бас бармақтарды көрсету) Женімізді кезекпен	"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; отбасына сүйіспеншілігін дамыту. Балалар құрылыс материалдарынан әртүрлі үйлерді құрастырады. Құралдары: құрылыс материалдары жинақтамасы: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар. "Лего" немесе ағаш құрастырғыш ойыншықтары. "Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың
--	--	--	---	---	--

Ертеңгілік жаттығу	1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында. 2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 3.1. Орындарында тұрып, бастарын оңға бұрады. 3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында. 4.1. Қолдарын жандарына созады. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: екі аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу. 5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Таңғы ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау). Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Дайын қасық, дәмді ас. Еш нәрсені қалдырмас. Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта түзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қылқалам ханшасы». Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау. (сөйлеуді дамыту)	«Тілек тілеу». Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып, қайталайды). Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Сәлем саған, ыстық жерім! Сәлем саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр күйі! Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы, топтың ережесі туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң, Жер-Ана. Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-анам. Алтын күз туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. Жапырақтар туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)
--	--	---	--	---	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Күздің қызықтары". Мақсат-міндеттері. Балаларға жүруді секірумен кезектестіруді үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өтуді үйрету.	Қазақ тілі "Күз мезгілі. Алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың "күз" жайлы түсініктерін дамыту; "алтын күз" сөзінің мағынасын түсіндіру; "Кім? Не?" сұрақтарына жауап беретін зат есімдер, "Не істейді?" сұрақтарына жауап беретін етістікті сөздер жайлы негізгі түсініктерін қалыптастыру. Мнемокарточкаларға негізделген сөздік жұмыс. Музыка "Ару күз" Мақсат-міндеттер. Балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп,	Дене шынықтыру "Күзгі жолдар үстіндегі ойындар". Мақсат-міндеттері. Балаларды кішкентай және үлкен қадаммен жүгіру; көлденең тақтайда еңбектеуді үйрету.	Музыка "Күз". Мақсат-міндеттері. Балаларды күз туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыру.	Дене шынықтыру "Еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен кимылдарды бұлжытпай орындауды үйрету.
---	---	---	--	---	---

Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеу, орнына ілу, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киінуді (шешіне) дағдыға енгізу; - шкафқа ілінген немесе қойылған бас киім, сырт киім, аяқ киім сияқты заттарды өз орындарына ғана қою, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінуге үйрету, киімді, аяқ киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
-------------------	--

Серуен	Күн - жылу мен жарық көзі. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Зерттеу. Күнге қарау. Сұрақтарға жауап беру. - Күнге қарағанда өзінді қалай сезінесің? - Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды. Біраз уақыт өткенде	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру. "Түтікшемен үрлеп, таспаны (лента) желбіретейік" жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен таспаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді. - Балалар, қазір біз түтікшеден желді үрлеп шығарамыз. - Мен "жел қатты	Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: балаларды сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екеніне көз жеткізу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Бақылау барысы. Судың қасиеттеріне көңіл аудару. Су әртүрлі температурада болады: мұздай суық (тоңазытқыштағы мұз текшелері), жылы (қолды жуғанда) және ыстық (шәйнекте су қайнатылғанда). Су күннің көзінде ысып кетеді Ыстық күнде бассейнде су тез қызады.	Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға қызығушылықтарын арттыру, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Көркемсөз. Б. Соқпақбаев "Мысық". Үстінде үйдің Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге	Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды аспанның ашық не бұлтты екенін анықтап; бұлттарды белгілі бейнелерге ұқсайтынын байқауға машықтандыру; ой-қиялын, зейін. бақылау қабілетін дамыту. Көркемсөз. Қ. Мырза Әли "Аспанда". Аспан малға толып кетті - Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты
--------	--	--	--	--	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Күз туралы тақпақты құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымдарында тақпақ пен өлең туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру, көркемсөз үлгісінің қара сөзден айырмашылығын түсіндіру; "күз мезгілі" ұғымына жататын табиғаттағы өзгерістер мен құбылыстарды пысықтау. Жаттамақ жаттығуы. "Күз суық, сары көйлекті".	Сурет салудан ойын-жаттығу "Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсуі". Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояу және қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетін күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру. Дамытушы жаттығу. "Бұл қандай ағаштың жапырағы?" (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сурет салу) Мақсат-міндеттері. Ағаштардың атауларын жапырақтарына қарап табуды үйрету.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Күзгі жапырақтар шоқтары". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында заттардың бірден төртке дейінгі сандарға сәйкес жиындары туралы түсініктерін қалыптастыру. Дамытушы жаттығу. "Күзгі бояу". Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы күзгі түстерді атауды, бір-бірінен ажыратуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Дидактикалық ойын. "Басқаша айт". Мақсат-міндеттері. Жалпылауыш сөздерді бекіту (педагог балаға допты лақтырып,	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Алтын күз" өлеңінің мазмұнымен таныстыру, тақпақты мұқият тыңдауды үйрету. Театрды сахналау. "Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Саңырауқұлақтар". Мақсат-міндеттері. Екі бөлшектен тұратын заттарды, оларға тән пішіндерін бере отырып, сомдау біліктерін нығайту; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалануды үйрету.	Құрастырудан ойын-жаттығу "Саңырауқұлақтар әлеміне саяхат". Мақсат-міндеттері. Балаларды жасымықтан саңырауқұлақтың қалпақшасын, қарақұмықтан саңырауқұлақтың түбірін, құрмадан саңырауқұлақтың сабағын құрастыруды үйрету. Вариативті компонент. Құрастыру "Күзгі ағаштар". Мақсат-міндеттері. Балаларды асқабақ тұқымдарын ағаш кимаүлгісінің үстіне жапсырып, күзгі ағаштардың суретін құрастыруды үйрету; балалардың құрастыру түрлерімен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру; ағаш трафаретін қағаз
--	---	--	---	---	--

Балалармен жеке жұмыс	«Әдемі кілемшелер». Ойынның мақсат-міндеттері: бөліктерден кілемше жасауды үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: балалар геометриялық пішіндерді кілемшелердің үстіне қояды да, әдемі құрақ құрайды. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)	Жаңылтпаш жаттайық. 1) Доп деп, Доп теп. 2) Қапыда ит қапты, Қатты қапты, Қапты қатты. 3) Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марка арқар бар. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Кел, жазайық. Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. (сурет салу)	Артикуляциялық жаттығу. 1) Ара болсаң, ызыңда З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з- з-з) - қатты\жай 2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса. (сөйлеуді дамыту)	10-ға дейін тура және кері санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету. (математика негіздері)
Серуенге дайындық	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Серуен	Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Алтын күз" тақырыбында жеке әңгімелесулер. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Тамақтану кезінде тазалық сақтау. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Театрландырылған қойылым. "Алма" ертегісі Мақсат-міндеттері. Балалардың жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, еске сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жабдықтар. Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі). Барысы. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар кейіпкерлерді өз қалауы бойынша таңдайды, кейін кейіпкерлердің костюмдерін киіп, әрқайсы өз орындарына барады. Басында автор рөлін педагог алады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Өртіс-балалар көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мақтауға бөленеді. Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетін қысқаша талдап береді. Музыкалық аспаптармен ойындар. "Күз" тақырыбында әңгімелер үйрету. (музыка) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Өнер бұрышында "күз" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Еркін ойындар.

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Жеке бас гигиенасының басты ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу.	«Отбасымен серуендеу» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру.	Жоба: "Жомарт күз" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	"Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.
--	--	---	--	--------------------------------------	--

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	09.10.2023	10.10.2023	11.10.2023	12.10.2023	13.10.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Кейбір күндері бала ауырып қалғандықтан балабақшаға келмей қалса, ата-анасы балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігін түсіндіру. «Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Бөлме өсімдіктерін бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсініктерді бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, барлық адамның жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Табиғат бұрышы" Табиғат бұрышындағы кезекшілік күнін балалар тірі объектілер үшін жауапкершілік сезінетіндей етіп ұйымдастыру керек. Балалар таңертең барлық жұмысты жасаса (балықтарға қорек беру, гүлдерді суару, торды тазарту және тағы басқа), кейін оларға тіршілік иелері мен өсімдіктерге назар аударудың қажеті болмай қалады, сондықтан педагог балаларға күні бойы атқаратын жұмысты реттеге көмектескені дұрыс: балықты таңертең қоректендіруге, ал өсімдіктерді кейінірек суаруға болады. Педагог балалардың	Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуді үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбек етуді үйрету. "Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттілігі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді және көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту.	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық". Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, кейін орнына жинау (қажетіне қарай). (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
---	---	--	--	--	---

	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі және қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту. Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ	"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланы бірнеше бөліктерден тұратын тұтас суретті құрастыруды үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім өз суретін жылдам құрастырып, дұрыс атаған бала жеңімпаз болады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар)	"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер). Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көгөністердің кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш). - Алдарындағы суреттерде	"Өрнекті құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Зейін, қабылдау, ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, түстер жайлы білімдерін бекіту, шығармашылық қиялдарын дамыту. (танымдық дағдылар) "Сипаттамасы берілген ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі әртүрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп қояды бінеуіне	Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап». Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атап, оларға ауызша сипаттама беруді үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Саусақ ойындары. Бас бармақтай балақай, (бас бармақты ұстап) Қайда болдың? Мынау үлкен ініммен (сұқ саусағын ашады) Орманда болдым бүгін мен. Ал мына бір ініммен (ортаңғы саусағын ашады) Ас пісірдім бүгін мен.
--	---	---	---	---	---

Ертеңгілік жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1- таяқшаны алға созу. 2- оң қолды төмен түсіру, сол қолдағы таяқшаны тік ұстау, жоғары көтеру. 3- таяқшаны алдыға созып ұстау. 4- сол қолды төмен түсіру, таяқшаны оң қолға ауыстыру, таяқшаны жоғары көтеру. 5- таяқшаны алдыға созып ұстау. 6- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бұғу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. 1-2 алға иілу, қолды еденге тигізу. 3-4 бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1- оң аяқпен таяқшадан аттау, алға бір адым жасау. 2 -сол аяқты оның қасына алып келу. 3- оң аяқпен таяқшадан аттау, артқа бір адым жасау. 4- сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру. 2- оңға иілу. 3- түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. 4- бастапқы қалып. Барлығын сол жағымен орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)
----------------------------------	---

Таңғы ас	Балалардың беті-қолдарын жуғу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)
------------------------	---

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көркемсөз. Тұманбай Молдағалиев «Жаңбыр». Жаңбыр кеп жауады, Тамшылар тамады. Тырс-тырс! Шаң-тозаң шайылды, Шатырлар шайынды. Тырс-тырс! Көшелер тазарды, Кір үйлер ағарды. Тырс-тырс! Қалалар түледі, Балалар күледі. Тырс-тырс! Жаңартып ауаны, Жаңбыр кеп жауады. Тырс-тырс! Жаңбыр туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	О, керемет, қандай тамаша! Таң атты ғой бүгін басқаша! Жаңаша көңіл күймен қарайық! Достарымызға жылулық сыйлайық! Жомарт күз тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Қайырлы күн, шуақты күн! Қайырлы күн, көк аспан! Қайырлы күн, достарым! Қайырлы күн, балабақшам! Жемістер туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң, құсқа да, аңға да, Қайырлы таң, жайдары жанға да. Қайырлы таң алға ассын, Кешке дейін жалғассын! Көгөністер туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты! Күлімдеп күн шықты, Жадырап нұр төкті. Қайырлы күн, достарым! Күз сыйы тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
--	---	--	---	--	---

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Тақтайдың үстімен қалай жүреміз?" Мақсат-міндеттері. Балаларға екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) допты лақтыруды үйрету. Жапсырудан ойын-жаттығу "Бұтақтағы алмалар". Мақсат-міндеттері. Балаларға алма мен жапырақ дайындамаларын қағаз бетіне жапсыруды үйрету.	Қазақ тілі "Көгөністер мен жемістерді жинаймыз Геометриялық пішіндер". Мақсат-міндеттері. Балалардың "күзгі астық", "қысқы дайындық" туралы түсініктерін қалыптастыру; жемістер мен көгөністерді ерекшеліктері бойынша топтастыру туралы білімдерін пысықтау. Сөздік жұмысқа арналған интеллектуалды карта "Жемістер мен көгөністер". Суретті-карточкалардың қолданылуымен лого ырғақ "Жемістер-көгөністер".	Дене шынықтыру "Гимнастикалық қабырғаға өрмелейміз!" Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта бір-бірден жүгіруді; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуді үйрету. Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту.	Музыка "Жомарт күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету.	Дене шынықтыру "Допты қақпаға дәлдеп домалату". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта денесін тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру.
---	---	---	--	---	---

Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауды үйрету; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін ретпен киюін қадағалау. Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Бақылау: табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді байқату: күннің суытуы, құстардың ұшып кетуі. Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту. Қимылды ойын. «Ұшақтар». (дене	Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы балалардың білімін толықтыру. Бақылау барысы. Күзгі жаңбыр жазғы жаңбырға мүлдем ұқсамайды. Күзгі жауын-шашын суық болады. Кішкентай тамшылар жерге түсе бастаса, екі, үш күн тоқтамай жауып тұруы мүмкін. Күзгі жаңбыр жиі және тоқтаусыз жауады. Аяқтың асты балшық, аспан тұнжыраған, дала сұрланып, суық жаңбыр жауады. Күздегі жаңбырдан соң қыс келіп, ақ қар жауады. Адамдар жаңбырда күртеше,	"Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау (шырша, қарағай). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Қысы-жазы бір түсте. (Шырша.) Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу (2 түрі, қылқан жапырақты қарағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағай – ұзын инелер, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шырша – инелері қысқа және онша ашық түсті емес. Табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру. Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру)	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін ретімен киюді, түймелерін дұрыс түймелеуді қадағалау, бір-біріне көмектесуді үйрету. Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал-мәтел. Еңбексіз өмір – сөнген көмір. Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығын түсіндіру; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін ретімен киюді, түймелерін дұрыс түймелеуді қадағалау, бір-біріне көмектесуді үйрету. Шалшық суды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркемсөз. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетінді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы. Бақылау: жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға балалардың көңілін аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге тез сіңіп, ал күзде салқын түскенде жерге сіңбей, батпақ болып жататынына мән
--------	---	--	--	--	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Үстел басында өзін дұрыс ұстай білу қабілетін бекіту; жуу ережелерін бекіту. Көркемсөз Сырттан келіп үнемі, Қолды сабындап жуамыз, Мұнтаздай тап-таза боламыз, Асқа қолды созамыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)
Түскі ұйқы	«Ақымақ қасқыр» ертегісін оқу, балаларды ұйықтату. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолдың бойымен жүру. «Қайық». Төсекте ішпен жату, қолды иекке қою, жартылай тұру, оңға-солға тербелу. «Кемпірқосақ». Төсекте арқамен жату, ауада шеңберді аяқпен сызып жасау. «Тышқандар». Массажды кілемшеде аяқтың ұшы және өкшесімен айналдыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Көгөністер мен жемістер дауы әңгімесін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [о], [ө] дыбыстары". Мақсат-міндеттері. Балалардың "күз сыйлары", көгөністер мен жемістер, жөніндегі ұғымдарын жетілдіру, [О], [Ө] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болуына мысалдар келтіру Артикуляциялық жаттығулар. [О], [Ө] дауысты дыбыстары. "Өз үйіңді тап" қимылды ойын. Ойыншылар 3-4 кішкентай, ұзыншақ	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Алма". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Алма" ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні мұқият тыңдауды үйрету. Дидактикалық ойын. "Алманың бөліктерін құрастыр". Мақсат-міндеттері. Түстері әртүрлі алмалардың барлық бөліктерін тауып, алманың тұтас суретін құрастыруды үйрету. Еске сақтау, ойлау, сөйлеу тілін дамыту. Сюжетті-рөлдік ойын. «Отбасы». Мақсат-міндеттері. Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Кірпілерге жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды өздерінің қарсы алдындағы кеңістіктің "оң жақ", "сол жақ", "алды", арты" бағыттары жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру. "Қайда барсаң – соны табасың" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаға өзінің қарсы алдындағы кеңістіктің жақтарын тануды үйрету. Қимылды ойын "Ақ қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: балалар шеңбер жасап тұрады да, бір бала ортада қоян	Сурет салудан ойын-жаттығу "Жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларға қылқалам арқылы алма мен алмұртты бейнелеуді үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту. Түсті қабылдауды дамыту "Түсті таны және ата". Мақсат-міндеттері. Түстерді атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету. Вариативті компонент. Математика негіздері "Көңілді саяхат"	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Жапырақтар әлемі". Мақсат-міндеттері. Балаларға күз туралы ұғым беру; күзгі әлем кереметтерімен таныстыра отырып, танымдық қызығушылықтарын арттыру. "Жапырақтарды пішініне қарай топта" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ағаштардың жапырақтарын бір-бірінен айыра білуді үйрету. Қимылды ойын "Ұшты-ұшты". Мақсат-міндеттері. Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын түсіндіру, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.
--	--	---	--	---	--

Балалармен жеке жұмыс	«Сиқырлы суреттер». Ойынның мақсат-міндеттері: балалардың логикалық ойлау қабілетін, еске сақтау, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі суреттердің қиылған бөліктері. Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша суреттердің қиылған бөліктерінен сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.	Дидактикалық ойын. «Жеміс-жидектерді ажырат». Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажырата білу, ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог әр баланың алдына көгөністер мен жеміс-жидектердің суреттерін таратады. Бала жеміс-жидектерді ғана жинап алуы керек.	Сюжетті суреттерді табиғи түстерді пайдалана отырып бояу.	«Таныс пішіндер доминосы». Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны: балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді	Кел, жазайық. Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі.
-------------------------------------	---	---	--	--	--

Серуенге дайындық	Мақсаттары: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс киінуге (шешіне) дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуді, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)
Серуен	Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Күз сыйы" тақырыбында жеке әңгімелесулер. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. "Күз" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында "күз" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Еркін ойындар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес беру.	Отбасында балалардың музыкалық тәрбиесі.	Психолог кеңесі. Мысалы, «Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, саламатты өмір салтын ұстану».	"Баланың агрессивті мінез-құлқы" атты тақырыпта ата-аналарға кеңес беру.	Ата-аналармен балаға ертегі оқудың маңыздылығы туралы әңгімелесу.
--	--	--	--	--	---

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	23.10.2023	24.10.2023		26.10.2023	27.10.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға кеңес: "Баланың үйдегі іс-әрекетін балабақшаның күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру".				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Асханада кезекшілік атқару». Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстел жабдығындағы ретсіздікті көре білу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларға сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңдерін түру, шүберекті сулау, құрғатып сығу, кірлеген шүберекті сумен шаю. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	25 қазан - Республика күні	"Күтушіге төсек салуға көмек көрсету". Мақсат-міндеттері. Балаларға өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; ересектерге қолдарынан келетін көмектерін көрсетуге ынталарын тәрбиелеу; еңбектенуге ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам орындау. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
--	--	---	--	---	---

	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балаларға мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркемсөзге қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. (Халық ауыз әдебиетінен)	"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға бірнеше бөліктерден тұратын тұтас суретті құрастыруды үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім өз суретін жылдам құрастырып, дұрыс атайса, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар). (сөйлеуді дамыту		"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі немесе қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту. Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырады, заттардың жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыз бен ұлдың киімдері). (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	"Мен өзіммен бірге жолға аламын" ойыны. Мақсат-міндеттері. Логикалық ойлауды дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: заттардың суреттері бар суреттер. Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бәрі сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "Демалыс кезінде доп ойнай аласың, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады
--	--	--	--	--	---

Ертеңгілік жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, екіге бөлінген секірмежіп төменде. 1-2 секірмежіпті жоғары көтеру, аяқтың ұшына тұру. 3-4 бастапқы қалып: аяқтың арасын сәл ашып тұру, секірмежіп төменде. 1- оң жаққа бір қадам жасау, секірмежіпті жоғары көтеру. 2 - оңға иілу. 3- тік тұру, секірмежіпті жоғары көтеру. 4- бастапқы қалып. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секірмежіпті екі бүктеп ұстау, төмен түсіріп тұру. 1-2- отыру, секірмежіпті жоғары көтеру. 3-4 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: аяқтың арасын кең ашып тұру, секірмежіп иықта. 1- денені оңға бұру. 2- бастапқы қалып қа оралу. Бастапқы қалып: аяқ арасын сәл ашып, секірмежіпті арт жаққа ұстап тұру. Секірмежіпті алға қарай айналдыра отырып, кішкене үзіліс жасау, екі аяқты ауыстыру, екі аяқпен бір орында секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет)
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Ойын жаттығу. Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар, Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, көркем әдебиет)

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Арайлы таң, армысың! Шуақты күн, армысың! Жан досым, саған сәлем берейін, Аман-есен бармысың! Жыл құстары туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды қаламыз, Жайнай түссін даламыз. Қайырлы таң, достарым! Құстар түрлерімен таныстыру, әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)		Сәлем бердім досыма! Аман болсын әрқашан! Асығамын қашанда! Жайдарлы мінезді апайыма. Құстар туралы қызықты деректер. (сөйлеуді дамыту)	Үлкенге сіз дейміз! Кішіге де сіз дейміз! Бәрін, бәрін құрметтеп, Бас иеміз біз. Жыл құстарының түрлерін пысықтау. (сөйлеуді дамыту)
--	---	--	--	--	---

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Арақашықты сақтау амалдары". Мақсат-міндеттері. Балаларға бұдыры бар тақтаймен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауды; 1,5-2 метр арақашықтықтан кеглилерді қағып түсіруді үйрету.	Музыка "Адам еңбегіне жыр". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдау арқылы дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру. Қазақ тілі "Үй құстары. Жыл құстары". Мақсат-міндеттері. Балалардың құстар, жыл мезгілдері жайлы түсініктерін кеңейту, үй құстары мен жыл құстары деп аталуының себептерін түсіндіру.		Музыка "Көгершіндер әні". Мақсат-міндеттері. Балалардың көгершіндер туралы әуенді қабылдау қабілетін арттыру; әнді тыңдағанда дыбысты есту қабілетін жетілдіру.	Дене шынықтыру "Саптарда кім бар?" Мақсат-міндеттері. Балаларға тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп алып, тақтай бойымен жүруді үйрету.
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. "Сауысқан". Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқандатқан сауысқан. <i>(Ел аузынан)</i> Еңбек әрекеті: далаға шығарылған материалдарды жинау. Мақсат-міндеттері.	Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайлы түсініктері мен білімдерін тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу. Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қысқы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне көңіл аудару. Торғайдың сыртқы көрінісіне қарап, оның қоңыр, сұр, қара түстерді байқауға болатынын көрсету. "Торғай". Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап	Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы аула құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; құстарға сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға ойын аланыңа немесе бау-бақшаға ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдатады да, оларды ажыратуды ұсынады. Құстардың түрі көп болмаса, педагог смартфонна жазылған құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады. Балалар құстардың үнін сөзбен қалай айтуға болатынын	Құстың ұшуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Құстардың әртүрлілігі, олардың қозғалу тәсілі жайлы түсініктерін нақтылау. Педагог ұшып-қонып жүрген құстардың қимылдарына көңіл аударады, балалардан құстар неге дәл осылай қимылдайтынын анықтайды. Қанаттарының көмегімен құстар бір орыннан екінші орынға, жерді баспай ұшып барады, аспанда қалықтайды. Құстардың қанаттары қауырсындардан тұрады. Құстар аяқтарымен жүреді және секіреді. Мысалы, түйеқұс жылдам жүгіреді. Құстар әуеде
--------	---	--	--	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларға қолын жуар алдында жеңдерін түруді, суды жан-жағына шашыратпай бетін жууды үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жууды үйрету. Көркемсөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз, кешке де, Жуын күндіз, түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар алдында, Жуын ақ таң атқанда. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Түскі ұйқы	«Айна» ертегісін оқып беру, балаларды ұйықтату. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. «Қайық». Төсекте ішпен жату, қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға-солға тербелу. «Кемпірқосақ». Төсекте арқамен жату, аяғымен ауада шеңбер сызу. «Тышқандар». Массажды кілемшеде аяқтың ұшымен және өкшемен тұрып айналу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру, дербес әрекет)
Бесін ас	Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Үйрек". Мақсат-міндеттері. Балаларға Дымково ойыншығы өрнектерінің элементтерімен үйректің сұлбасын қылқаламның көмегімен безендіруді үйрету. Зейінге жаттығу. "Бірдей екі үйректі тауып ал". Мақсат-міндеттері. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жыл құстары жылы жаққа ұшты. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [Ұ], [Ү] дыбыстары". Мақсат-міндеттері. Балаларға жыл құстары туралы түсіндіру; [Ұ], [Ү] дауысты дыбыстар	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Көлдерге қонған үйректерді санайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды ғана емес, дыбыстарды да санауға болатынын түсіндіру. Дамытушы жаттығуы. "Құс қайда ұшты? Көрсет." Мақсат-міндеттері. Сөйлеу тілін, кеңістікті бағдарлауды, зейінді дамыту. Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Бұлбұл". Мақсат-міндеттері. Балаларды бұлбұлдың сыртқы көрінісімен таныстыру, бұлбұл туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық		Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Мысық, қораз және түлкі" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Балаларды "Мысық, қораз және түлкі" орыс халық ертегісінің мазмұнымен таныстыру. Дидактикалық ойын: "Жыл құстарын тап". Мақсат-міндеттері. Құстардың суреттерінің арасынан жыл құстарын табуды үйрету. Зейін, сөйлеу, еске сақтауды дамыту. Жапсырудан ойын-жаттығу "Көлшіктегі торғайлар". Мақсат-міндеттері. Балаларға шаршыдан шенберді шығарып қию арқылы торғайдың басы мен денесін жапсыруды,	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Тыраулайды тырналар". Мақсат-міндеттері. Балаларды тырнамен таныстыру, тырнаның ерекше қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. "Тірек суреттер арқылы тырна туралы әңгімеле" шығармашылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың тырна туралы білімдерін ертегі негізінде пысықтау. "Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточканы біріктіру;
--	--	--	--	--	--

Балалармен жеке жұмыс	«Сиқырлы суреттер». Мақсат-міндеттері. Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі сурет қиындылары. Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша қиындылардан сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	«Танып ал да, атын ата». Мақсат-міндеттері. Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ойыншықтар немесе суреттер. Ойынның мазмұны: балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады. (математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)		Тыныс алу жаттығуы: «Мен құйынмын». Мен құйынмын, құйынмын, Шаң тозаңды үйірдім. Ү-ү-ү-ү-ф! Кездескеннің барлығын Ұшырамын деп шүйілдім. Ү-ү-ү-ү-ф! Өлең жолын тәрбиеші айтады, әр екі жол сайын балалар тыныс алу жаттығуын жасайды. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Дидактикалық ойын "Құстарды көлеңкесінен таны". Мақсат-міндеттері. Баланың зейін қабілетін дамыту, затты сөзбен сипаттауды, ұқыптылыққы үйрету. Құстардың суреттерін құстардың көлеңкесімен сәйкестендіреді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
-------------------------------------	---	---	--	--	--

Серуенге дайындық	Мақсаттары: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс киінуге (шешіне) дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуді, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)
Серуен	Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Жыл құстары" тақырыбында жеке әңгімелесулер. (дербес әрекет)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. "Ас атасы - нан" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында "жыл құстары" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Теартлық қойылымдар. «Табиғат балалардың дүниетанымын, тіл байлығын дамыту. - Табиғат дегеніміз не? Табиғат – жер, тау, ағаш, су, орман, өсімдіктер мен жан-жануарлардан тұратын қоршаған орта. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Еркін ойындар.

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. "Балалардағы агрессивті мінез-құлықтың бастаулары".	Кеңес: "Ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген кезде өзін қалай ұстау қажет?"		Ата-аналарға кеңес: "Баланың үйдегі іс-әрекетін балабақшаның күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру".	«Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу.
--	---	--	--	---	--

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	06.11.2023	07.11.2023	08.11.2023	09.11.2023	10.11.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	«Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауды, адал еңбектенуге және тәртіп сақтауға тәрбиелеу.	"Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алдындағы тақтайды дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен жуып-шаю.	"Күтушіге төсек салуға көмектесу". Мақсат-міндеттері. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; үлкендерге қолдарынан кпген көмектерін жасауға тәрбиелеу; жұмысқа ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы жұмыс үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.
--	--	---	--	--	--

	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Үстел үсті ойындары. "Көліктерді топтастыр". Мақсат-міндеттері. Көліктерді бір-бірінен ажыратып, атауларын атай білуді үйрету; Керекті құралдар: көліктер. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын. «Домино». Мақсат-міндеттері. Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту және пысықтау. Сәйкес көлікті табу және дұрыс атау, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты: суреттері сәйкес келетін карточкаларды бір қатарға тізіп қою, кім карточкаларын бәрінен бұрын жиып қояса, сол бала жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6см карточкалар. (танымдық дағдылар) Сурет салудан ойын-жаттығу "Жүк машинесі"	Дидактикалық ойын. "Көңілді қыстырғыштар". Мақсат-міндеттері. Қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрыс таңдау. Балалардың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге, сондай-ақ есте сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету. (шығармашылық дағдылар, сөйлеуді дамыту) «Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыға ұқсайтын заттарды тап» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Пішіндерді қайталау, түстерді	Дидактикалық ойын. «Көліктер». Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін ажыратуды үйрету. (сөйлеуді дамыту) "Қара да, қайтала" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар. (сөйлеуді дамыту)	Үстел үсті ойыны. «Мозаика». Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін табу және орналастыруды үйрету. Тапқырлыққа тәрбиелеу. (танымдық дағдылар) Жапсырудан ойын-жаттығу "Жүк көлігі". Мақсат-міндеттері. Балаларға жүк көлігінің үлгілерін қағаз бетіне орналастырып жапсыруды үйрету. Дидактикалық ойын. "Көлік жүк тасымалдауда". Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді түсі мен көлеміне қарай ажырату біліктерін дамыту. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)
--	--	--	--	---	---

Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында 1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады. 3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында. 1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады. 3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында 1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу. 2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында. 1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату. 4 допты алу, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жақта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу. 1-2 аяқты түзу жоғары көтеру, допты домалату және ұстап алу, 3-4 Бастапқы қалып: жаттығу орташа қарқынмен орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)
Таңғы ас	Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты төкпей-шашпай жеу (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Дастарқанның басында, Өзіңді жақсы ұста! Дұрыс отыр! Асыңды іш! Денеңе көп күш жина.

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көлік түрлерімен таныстыру. Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерінің таңбалауыштарын таңдатып, сол бойынша 4 топқа бөліп, әр топпен ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Жерде жүретін көлік туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Суда жүзетін көлік түрлері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Әуеде ұшатын көлік түрлері тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Көлік түрлері" тақырыбын пысықтау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
--	---	---	--	---	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Пингвин сияқты секіру". Мақсат-міндеттері. Құм салынған қапты басына қойып, текшелерден аттап өту және құм салынған қапты екі аяқтың арасына қысып, пингвин сияқты екі аяқпен бірге секіру дағдысын үйрету.	Қазақ тілі "Көліктер. Қала мен ауыл. Көп - аз". Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік түрлері, олардың ерекшеліктері мен қозғалыс ортасы туралы білімдерін кеңейту; "қала", "ауыл", сондай-ақ, "аз" және "көп" мөлшер ұғымдарын, "жылдам - баяу" сын сипат белгілерін, қарт адамдарға деген құрмет пен қамқорлық туралы түсініктерін дамыту. Музыка "Күз желі". Балалардың әуенге деген ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін дамыту; оқу қызметін	Дене шынықтыру "Сан түрлі секіре аламыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; гимнастикалық қабырғаның бір аралығынан екінші аралығына өрмелеуді үйрету.	Музыка "Ойыншықтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар туралы әнге ықыласын ояту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды пысықтау.	Дене шынықтыру "Ойын шартын ұстанайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өтуге үйрету.
---	--	--	---	---	---

Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

Серуен	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауды, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атап айтуға ынталандыру; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру. "Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Автобустарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікке өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу). Жұмбақ. Жүргіздім бұл үйімді, Жүйткісе, жұрт сүйінді. Бар жолмен жұртты тасып жүр Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус) Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.	Жеңіл көлікті бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөлшектері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк мәшинесі мен жеңіл мәшиненің айырмашылықтарын атап көрсету. Жұмбақтар. Арқасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус) Табаныңда жолы бар, төбесінде қолы бар. (Трамвай) Қимылды ойын. «Такси». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Екі аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін	Жүк автокөлігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк мәшинесінің құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және тағы басқа), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратуға үйрету. (сүт таситын мәшине, жүк таситын мәшине) Жұмбақ. Резеңке аяқты жануармын, Барлық жолдарды кезіп өтемін, Құрылыста іске жараймын, Жұмыстан мен қорықпаймын. (Мәшине) Қимылды ойын. «Оқтау тартыс».	Ересек балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауды; киім түрлерін, оларды жеке атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне Сенімді боламыз. Екі деген екі дос, Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын.
--------	---	---	---	---	--

Серуеннен оралу					
Түскі ас	Балаларға ауызды жауып, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Дастарқанның басында, Өзінді жақсы ұста! Дұрыс отыр! Асыңды іш! Бойыңа көп жина күш.				
Түскі ұйқы	«Құмырсқа қанағаты» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. (көркем әдебиет)	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. "Алтын сақа" ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Аудио тыңдайды. Ж.Байырбекованың «Әлди, әлди» әні (музыка)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары. «Қайдан келдің бауырсақ?» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Бесін ас	Дастарқандағы асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Асқабақ тиелген трактор". Мақсат-міндеттері. Балаларға трактор көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы атауы көлік болатыны туралы түсініктерін кеңейту. "Көліктердің орнын тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктердің қозғалыс ортасы жөніндегі білімдерін пысықтау. Көліктерді топтастыру дағдыларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту)	Санамақ. Мақсат-міндеттері. Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бір дегенім - білім Екі дегенім - елім. Үш дегенім - үміт, Төрт дегенім - түлік. Бес дегенім - берік, Алты дегенім - арық. Жеті дегенім - желім, Сегіз дегенім - сенім, Тоғыз дегенім - той, Он дегенім -ой, Онға дейін санап қой! (сөйлеуді дамыту)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жол ережелері туралы тақпақтармен танысу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ж], [ш] дыбыстары" Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақ шумақтарындағы оқиғаларды сипаттаудағы ұйқасы мен сөздердің ырғақтылығы тәртібімен таныстыру; қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар туралы жалпы мағлұматтар беру.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Көлік жүргізуші". Мақсат-міндеттері. Балаларды көлік жүргізушінің қызметімен таныстыра отырып, көлік түрлеріне байланысты көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; көліктердің пайдалы және зиянды жақтарын ажыратып, сөзбен сипаттап айтуды үйрету. Дидактикалық ойын. "Қандай көлік екенін тап". Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін топтастыруды және атауын атауды дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Көліктер". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлік туралы түсінік беру; көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып, атқаратын қызметіне қарай салыстыруды үйрету.
	Ұлттық ойын. "Аударыспақ" «Аударыспақ» — өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны.	Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту және бекіту; еңбексүйгіштікке,	"Автобус" қимылды ойын. Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісінің рөлінде болады. Қалған балалар жолаушылар болады. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Көліктер жүретін ұзын және қысқа	"Алманы құрастырамын" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу. Ойынның барысы: балаларға қиылған түрлі-түсті алманың суреттері беріледі. Балалар өздері таңдаған бір алманы құрастырып шығады. (танымдық дағдылар) Вариативті компонент.

Балалармен жеке жұмыс	Жыл мезгілі туралы әңгіме. Мақсат-міндеттері. Сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын. "Затты сипаттамасынан таны". Мақсат-міндеттер: зейінін, ойлау қабілетін, жылдамдығын дамытады. (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын. «Көлеңкесінен таны». Мақсат-міндеттері. Суреттегі көлік түрлерін көлеңкесінен танып, сызық арқылы қосуды ұсынады. (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын. "Қазынасы бар сандық". Мақсат-міндеттері. Қиял, талдау дағдыларын дамыту. Ойын материалы және көрнекі құралдар: қорап (сөмке); қорапқа (сөмкеге) салынған жеуге болатын кез келген (жеуге болмайтын) зат. Сипаттама: ішіндегі затты қолмен сипап сезу арқылы табу. (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын. «Шектес сандарды ата». Мақсат-міндеттері. Балаларға ойынға қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын ережесі: бұл ойын үшін бірнеше бөліктен жасалған карточка болу керек. Торкөзге жазылған сандар, ал бір торкөзге сан жазылмайды. Балалар сол жоқ санды тауып алып атау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады. (сөйлеуді дамыту)
-------------------------------------	---	---	--	---	--

Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды үйрету; - өз бетінше жылдам және дұрыс киінуді (шешіне) әдетке айналдыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалау, киімді, аяқ-киімді таза ұстау; - көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)
-------------------	---

Серуен	Көліктерді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауды, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) айтқызу; түсін, бір-бірінен айырмашылықтарын табуға машықтандыру. "Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке,	Автобустарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейту және тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікте өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу). Жұмбақ. Жүргіздім бұл үйімді, Жүйткісе, жұрт сүйінді. Бар жолмен жұртты тасып жүр Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус.) Қимылды ойын.	Жеңіл көлікті бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөліктері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк мәшинесі мен жеңіл мәшиненің айырмашылықтарын атап көрсету. Жұмбақтар. Арқасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус.) Табаныңда жолы бар, төбесінде қолы бар. (Трамвай.) Қимылды ойын. «Такси». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Екі аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып	Жүк автокөлігін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк мәшинесінің құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және тағы басқа), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратуды үйрету. (сүт таситын мәшине, жүк таситын мәшине) Жұмбақ. Резеңке аяқты жануармын, Барлық жолдарды кезіп өтемін, Құрылыста іске жараймын, Жұмыстан мен қорықпаймын. (Мәшине)	Ересек балаларды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауды; киім түрлерін, оларды жеке атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да.
--------	---	--	---	---	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін ожинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Дастарқанның басында, Өзіңді жақсы ұста! Дұрыс отыр! Асыңды іш! Бойыңа көп жина күш.

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ойыншықтар туралы әндерді тыңдау. Аспаптармен таныстыру. (музыка) Театраландырылған қойылым. "Үйшік" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Танымал ертегі мазмұнын балалардың естеріне түсіру, есте сақтау, ойлау, эмоционалды, ым-ишарамен түсінісу қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жадықтар. Киім-кешектер, "Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің бетперделері. Барысы. Педагог балаларға "Үйшік" ертегісін мазмұндап береді. Балалар өз қалаулары бойынша ертегі кейіпкерлерін ойнайтын балаларды тандап алады, кейіпкерлер сәйкес өз костюмдерін киіп, тиісті орындарына барады. Басында автор сөздерін педагог өзі айтады, ал кейінгі бөлімдерде автор рөліне балалардың бірін ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге қай бала, қай кейіпкердің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс балалар көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мақтауларға ие болады. Қойылым соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетіне қысқаша талдау жасайды. (көркем әдебиет) Өнер бұрышында көлік түрлерін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. Көлікке жол салу, гараж құрастыру. (құрастыру) Еркін ойындар.
--	--

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Жол жүру ережелері», «Қауіпсіздік әліппесі» тақырыптарында әңгімелесу.	"Балаңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында ата-аналарға сауалнама жүргізу.	Ата-аналарға кеңес беру. "Ішек ауруларының алдын алу».	"Балабақшадағы жетістіктеріміз" тақырыбында көрме ұйымдастыру.	«Баланың үйдегі және балабақшадағы тәртібі» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізу.
--	---	---	---	--	--

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	13.11.2023	14.11.2023	15.11.2023	16.11.2023	17.11.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы қалпын тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық". Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау, тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, қажітіне қарай оларды сабақтан кейін орындарына жинау.	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балалардың сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шанды кетіру әдісін таңдауды үйрету.	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру) Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауды, жұмыс істеуді үйрету, тәртіп сақтауға тәрбиелеу.	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтасын, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам және мұқият орындау.
--	---	---	--	---	--

	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Заттармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Заттармен өз бетінше ойнауды, құрдастарын ойынға тартуды, әр баланың бастамасы мен ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуды үйрету. (сөйлеуді дамыту) Сурет салудан ойын-жаттығу "Алманы тапқан қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды күзгі алма ағашының жанындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; "Алма" қазақ	Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?» Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айтуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Үстел үсті ойындары «Бұл қай кезде болады?» Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; мәнерлеп сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Көліктерді тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойынның барысы: балаларға қиылған әртүрлі көліктердің дайын суреттері беріледі. Педагог бір көліктің суретін көрсетеді, балалар қандай көлік екенін табады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттері. Балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман)	"Қажетті киімді алыңыз". Дидактикалық тапсырма: балаларға қысқы, күзгі және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз. Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу. Дидактикалық материал: бала саны бойынша қуыршақтар мен қуыршақ киімдерінің кескіндері. Қысқы және жазғы пейзаж суреттері. Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, қысқы және жазғы киімдер бейнеленген. Педагог жазғы және қысқы мезгілдердің	"Зымыранды жинайық". Дидактикалық тапсырма: балаларды жеке бөліктерден бүкіл тақырыпты құрастыруды үйрету. Дизайн қабілеттерін дамыту. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: зымыран бөлшектерін дұрыс таңдаңдар, бүктендер. Ойын әрекеті: зымыранның жеке бөліктерінің қажетті орнын табу. Дизайнды тек сызба немесе үлгі бойынша орындау. Дидактикалық материал: үлгілер, зымыранның сызбалары. Әр балаға дизайнер. Ойын барысы. Балапан
--	--	--	---	---	---

Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында 1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады. 3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында. 1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады. 3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында 1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу. 2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында. 1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату. 4 допты алу, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жақта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу. 1-2 аяқты түзу жоғары көтеру, допты домалату және ұстап алу, 3-4 Бастапқы қалып: жаттығу орташа қарқынмен орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)
--------------------	---

Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) "Мөлдір су". Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын!				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жабайы табиғат әлемімен таныстыру. Суретке қарап әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Жабайы аңдар туралы әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Аңдардың қысқа дайындығы туралы суретке қарап әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Аңдар туралы мақал-мәтелдер жаттау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Жабайы табиғат туралы пысықтау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Бір жанымен, шапшаң қадаммен жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруді үйрету.	Қазақ тілі "Жабайы аңдар және балалары. Жылдам-баяу". Мақсат-міндеттері. Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту; жабайы аңдардың балаларының атауларымен таныстыру; "жылдам - баяу" қимыл-әрекеті жайлы түсініктерін қалыптастыру; ормандағы жабайы аңдардың тіршілігі жайлы білімдерін бекіту. Музыка "Кірпі". Мақсат-міндеттері. Балалардың кірпі туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуге үйрету.	Дене шынықтыру "Аңдардың жүрістеріне еліктейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің нұсқаулары бойынша жүгіруге үйрету.	Музыка "Аңдардан нені үйренеміз?" Мақсат-міндеттері. Балалардың кірпі туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуді үйрету.	Дене шынықтыру "Ойын жүргізуші". Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында оңға және солға бұрылып секіруді; допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алуды (қатарынан 3—4 рет) үйрету.
---	--	--	--	---	--

Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

Серуен	Алғашқы түскен қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, ол тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге. Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар.) Қимылды ойыны. «Сұр қоян жуынды». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру	Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Экологиялық міндет: өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа сүйіспеншілікті дамыту. Көркемсөз. М. Әлімбаев «Жаңбыр». Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Көкте қызыл-жасылды Кемпірқосақ асылды.	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға бұлттарды бақылауға қызықтыру және аспанға қарап ауа райының қандай екенін білуді үйрету. Экологиялық міндет: жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа) Сұрақтар: - Бүгін ауа райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сен аспаннан не көріп тұрсың? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар бір орында тұр ма? Жел	Бұлттарды бақылау. (жаңбыр қалай пайда болады). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауды үйрену. Экологиялық міндет: таза ауа барлық тіршілік иелерінің өмір сүруі үшін өте маңызды. Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын дамыту. Сұрақтар: - Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады? Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендердегі, теңіздердегі,	Бұлттарды бақылау. (бұршақ қалай пайда болады) (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жаууы құбылысымен таныстыруды жалғастыру. Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты
--------	--	---	---	--	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) "Мөлдір су". Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын!				
Түскі ұйқы	«Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. (көркем әдебиет)	«Ерекше тауық» ертегісін тыңдайды. BilimKids платформасындағы ертегісін тыңдату. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды ақырын сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығыуына ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабанның алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын жақсы уқалайды, аяқтың бұлшықеттерін нығайтады, денені тұтастай қорғайды. Көркемсөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)
Бесін ас	Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Дастарқанның басында, Өзіңді жақсы ұста! Дұрыс отыр! Асыңды іш! Денене көп жина күш.

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сюжеттік ойыншықтармен ойындар: Ертегіні оқу; үстел театры және тағы басқа. Мысалы: үстел театры «Үйшік» орыс халқының ертегісін сахналау. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Зообак тұрғындары туралы жұмбақ жасыру жаттығулары". Мақсат-міндеттері. Балаларды көркемсөздің жұмбақ формасымен таныстыру, жұмбақтың тақпақтан негізгі айырмашылығын түсіндіру; ортақ қасиеті бар заттардың жалпылауыш сөзбен аталатыны туралы түсініктерін бекіту.	Құрастырудан ойын-жаттығу "Түлкі деген қу болар". Мақсат-міндеттері. Балаларға қағазды бұру арқылы конус жасап, оригами әдісі бойынша түлкінің басын құрастыруға, желім арқылы түлкінің басы мен денесін жапсыруды үйрету.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Қояндар отбасы қысқа дайындалады". Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардың саны кем болған топқа, бірін қосып, үстемелеу немесе артық топтан бір затты алып тастау сияқты теңдікті орнату тәсіліне үйрету.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Батпан құйрық". Мақсат-міндеттері. Балаларды «Батпан құйрық» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталауды үйрету. Дидактикалық ойын. "Батпан құйрық қай жануардың құйрығы?" Мақсат-міндеттері. Жануарлардың дене мүшелерін тауып, дұрыс атауды үйрету. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)
	Қимылды ойын. "Аңшылар мен қояндар". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоян болып секіріп, "аңшыдан" қорғана білуін үйрету. Ойын барысы. Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда екі аяқты қосып алдыға секіріп жүреді. Тәрбиеші:	Сюжетті-рөлдік ойын "Цирк". Мақсат-міндеттері. Балалардың циркте жұмыс жасайтын өнерпаздар (сайқымазақ, гимнасшы, сиқыршы, жонглер, аңдарды жаттықтырушы) туралы түсініктерін	Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттері. Балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман),	Қоршаған ортамен танысу "Мыршай". Мақсат-міндеттері. Балаларға түлкі туралы түсінік бере отырып, түлкінің сыртқы түрі мен тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. "Қай жануардың құйрығы екенін таба аласың ба?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың	Вариативті компонент. Құрастыру "Зәулім сарай". Мақсат-міндеттері. Балаларға құрамында текше, білеу, кірпіш, призма, арка,

Балалармен жеке жұмыс	Дидактикалық ойын. «Артығын тап». Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін сұрайды. Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарындашпен сызады. Мысалы, мұнда қар артық, қар қыста ғана болады.	«Суреттерді орналастыр». Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді әр бағанға, әр жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы торкөздерге орналастырады.	«Көзінді жұмып, қолыңмен анықта». Мақсат-міндеттері: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. Ойынның мазмұны: балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын немесе қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзінді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді.	«Жоғарыда, төменде». Мақсат-міндеттері. Жоғары – төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейінді, қиялды дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары. Бала қораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап үлкен суретке бекітеді. Мысалы, ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді.	«Оң және сол». Мақсат-міндеттері. Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.
-------------------------------------	--	--	---	---	--

Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды үйрету; - өз бетінше жылдам және дұрыс киінуді (шешіне) әдетке айналдыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалау, киімді, аяқ-киімді таза ұстау; - көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)
-------------------	---

Серуен	Алғашқы түскен қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, ол тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге. Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар.) Қимылды ойыны. «Сұр қоян жуынды». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру	Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Экологиялық міндет: өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа сүйіспеншілікті дамыту. Көркемсөз М. Әлімбаев «Жаңбыр». Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Көкте қызыл-жасылды	Бұлттарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды бұлттарды байқауға баулу және ауа райын аспан күйімен анықтауға дағдыландыру. Экологиялық міндет: жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және т.б.) Сұрақтар: - Бүгін ауа-райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сіз аспанда не көресіз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғалмады ма немесе қозғалады ма? Жел бұлттарға не	Бұлттарды бақылауды жалғастыру. (жаңбыр қалай пайда болады). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. "Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға бұлттарды бақылауға қызықтыру және аспанға қарап ауа райының қандай екенін білуді үйрету. Экологиялық міндет: жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа) Сұрақтар: - Бүгін ауа райы қандай? Бүгін аспан	Бұлттарды бақылау. (бұршақ қалай пайда болады) (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жаууы құбылысымен таныстыруды жалғастыру. Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты
--------	--	---	---	--	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) "Мөлдір су". Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын!
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Театрды сахналау. «Ақымақ қасқыр» ертегі желісін қуыршақ театрымен сахналау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Аспаптармен таныстыру. Күйлерді тыңдату. (музыка) Өнер бұрышында жабайы аңдар түрлерін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Арт-терапия өткізу. (сурет салу) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (кұрастыру) Еркін ойындар.

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Қауіпсіздік ережесін біліп жүрейік».	Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен жұмыс. Мақсаты: балабақшада және үйде балаларды сауықтыру және шынықтыру әдістеріне дұрыс көзқарасты қалыптастыру.	"Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу.	"Бала тәрбиесінде ата мен әженің алатын орны".
--	---------------------------------------	---	---	--	--

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	20.11.2023	21.11.2023	22.11.2023	23.11.2023	24.11.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға баласының балабақшадағы тәртібі туралы айту; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығында ретсіздікті көре білу.	"Төсектерді салуға күтушіге көмек көрсету". Мақсат-міндеттері. Балаларға өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; ересектерге қолдарынан келетін көмек көрсетуге ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа ниеттенуді, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.	"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қаншалықты қажет ететіні туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық танытуға тәрбиелеу.	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті сақтауды, ұжымда бірігіп еңбек етуді үйрету.
--	--	--	---	--	---

	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Суретті жина". Дидактикалық тапсырма. "Дана және оның достары!" Ойын ережелері: конвертті тандап алып, сурет қиындыларын жинайды. Суретті жылдамдыққа жинайды. Ойын әрекеті: бөлшектерді іздеу, болжау. (танымдық дағдылар)	Дидактикалық ойын. «Не артық?» Әр баланың алдына жемістер мен көгөністер араласқан суреттер беріледі. Арасынан артығын тауып, оларды атау ұсынылады. Балалар жемістер мен көгөністерді ажыратады. Мысалы: алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда орамжапырақ артық. Орамжапырақ көгөністерге жатады, қалғаны жемістерге жатады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Жапсырудан ойын-жаттығу "Ағаштарды қар басты". Мақсат-міндеттері. Балаларды қоныс	Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?» Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуді үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Лего ойыны. «Мұнара» Мақсат-міндеттер: Балалар мұнара тұрғызу арқылы шыдамдылық ептілік, танымдық қасиеттері қалыптасады. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет) BilimKids платформасындағы Tigsaw Junior бөліміндегі "Биік ғимараттар"	Саусақ жаттығуы. Бір дегенің - білеу, Екі дегенің - егеу, Үш дегенің - үскі, Төрт дегенің - төсек, Бес дегенің - бесік, Алты дегенің - асық, Жеті дегенің - желке, Сегіз дегенің - серке, Тоғыз дегенің - торқа, Он дегенің - оймақ, Он бір - қара жұмбақ. (сөйлеуді дамыту) Үстел үсті ойыны. "Дойбы". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамыту. Зеректікке баулиды. Ойынның шарты: қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. (танымдық іс-	Еркін ойындар. Мақсат-міндеттері. Ересек адамның көмегімен ойын үшін ыңғайлы орынды таңдауды үйрету, ойын ортасын ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру. Қазақ халқының ұлттық ойыны. Итеріспек. Диаметрі 3-4 метрдей болатын шеңбердің ішіне ойынға қатысушылар тұрады. Белгі бойынша қарсы тұрған қарсыластар бір-бірін шеңберден итеріп шығаруға тырысады. Қолмен де, иықпен де итеруге болады. Шеңбердің ішінде қалған ойыншы жеңіске жетеді. (дене шынықтыру)
--	--	--	--	---	---

Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары 1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.2. Қолды алға көтеру. 1.3. Саусақарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау. 1.4. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде. 2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. 2.2. Оңға, солға иілу. 2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. 2.4. Бастапқы қалыпқа келу. 3. Аяқтың ұшына көтерілу. 3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек тоқылдату. 3.2. Содан кейін ұшымен топылдату. 3.3. Бастапқы қалыпқа келу. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолдарын жуғызып, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ертегілер әлеміне саяхат жасайды. (сөйлеуді дамыту)	Ертегі түрлерін естеріне түсіріп, ертегілер жайлы әңгімелеседі. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Ертегілерді сахналайды. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Сахналаудың түрін таңдап, ертегіні сахналайды. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Ертегі туралы дидактикалық ойындар ойнайды. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Арқан астынан еңбектеу". Мақсат-міндеттері. Биіктігі 40 см арқанның астынан қолды жерге және денені арқанға тигізбей, бір қырымен еңбектеу, 5 м қашықтықта орналасқан затқа дейін оң және сол аяқпен кезек секіру, гимнастикалық орындықтың үстімен құм салынған қапшаларды басына қойып, дене тепе-теңдігін сақтап жүру дағдыларын үйрету.	Қазақ тілі "Үш аю" ертегісін оқу. Үлкен, орташа, кішкентай". Мақсат-міндеттері. "Үш аю" танымал ертегісінің сюжетін еске түсіру; үш түрлі көлем жайлы "үлкен", "орташа", "кішкентай" түсініктерін бекіту; адамдардың қонақтағы әдепті мінез-құлқы жайлы білімдерін кеңейту. Музыка "Қорқақ қоян". Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңа әнге деген қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу	Дене шынықтыру "Иілгіш боламыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға жетекшімен ауыса отырып жүгіруге; құрсаудан еңбектеп өтуді үйрету.	Музыка "Қоңыраулар сыңғыры". Мақсат-міндеттері. Балалардың нәзік те сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуді пысықтау.	Дене шынықтыру "Қимылдарды қалай танимыз?" Мақсат-міндеттері. Балаларды 20-25 см биіктікке секіру; гимнастикалық қабырғамен оңға, солға ауысу арқылы өрмелеуді үйрету.
---	--	---	---	---	---

Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

Серуен	Желдің соғуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желде ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел.) Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру. Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын. "Өз үйінді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене	Жапырақтың түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Күздің ерекшеліктері туралы ойын толық жеткізуге, сұраққа толық жауап беруге үйрету. Бақылау барысы: күз мезгілінің келгендігі, ағаштардан жапырақтар сарғайып жерге түскенін байқауға болатынын айту. Жапырақтар бүкіл жерге түсіп, айналаның барлығы сары алтынға боялғанын байқату. Сары ағаштар, сары жапырақтар, гүлзарлардың барлығы сап-сары екендігін айту, күз мезгілін «алтын күз» деп атайды. - Жапырақтардың сыбырлағанын	Шалшық суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге жылдам сіңетініне, ал күзде салқын түскенде жерге ұзақ уақыт сіңбей, батпақ болып жататынына мән беру. Көркемсөз. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетінді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы. Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Мақсат-міндеттері. Кейбір заттардың суға батып кететінін,	Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды ағаштардан түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мақал-мәтел. Еңбексіз өмір – сөнген көмір. Қимылды ойын. «Құнан шабысы»	Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі, күннің суытуы; бұлтты және жаңбырлы күндер, аспанның сұрланып бұлыңғыр тартуы, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүйеге баулу. Қимылды ойын. «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру) Балаларды ойын ережелерін сақтауды үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі
--------	--	--	--	--	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)				
Түскі ұйқы	"Алтын балық" ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алдар көсенің сиқырлы шапаны» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Мақта қыз бен мысық» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Өз төсек орнын тауып, жатуды үйренеді. ««Сауысқан мен көкек» ертегісі» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Домала, доп, домала (екі қолды айналдыру) Балшыққа тек жолама (сұқ саусақпен ескерту жасау) Жек көремін оныңды (сұқ саусақты оң және сол жаққа қозғау) Бүлдіресің қолыңды (екі қолының алақандарын жоғары көтеріп айналдыру) Секіріп өт ордан да, (екі қолды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту) Секіріп өт жолдан да, (екі қолды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту) Қуса күшік жетпесін (баяу жүгіру) Мәшине басып кетпесін (мәшиненің рулін айналдыру) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Бесін ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдылар туралы, кейбір жұкпалы аурулардың себептері туралы білімдерін кеңейту. Көркемсөз Қолды жусақ әрқашан, Ауырмайды ішіміз. Тазалықты сақтасақ, Ауырмаймыз ешқашан. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Ойыншықтар фабрикасына саяхат" ертегісін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ф], [п], [б] дыбыстары" Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтар фабрикасы туралы ертегі мазмұнымен таныстыру; ертегі жанры туралы ұғымдар қалыптастыру; ойыншықтардың пайда болуы туралы жаңа мәліметтер беру. Фонетикалық ритмика. "Па-ба-па, па-ба-па, жүреді жолда арба".	Сурет салудан ойын-жаттығу "Ғажайып әлемінің шамдары". Мақсат-міндеттері. Балаларға дымқыл қағаз бетіне акварельге малынған қылқалам ұшымен шамдар тәріздес дақтарды және дақтардан жан-жаққа шашыраған сәулелерді салу техникасын үйрету. Саусақ жаттығуы. Ғажайып шамдар, Алғашында дақ боласыңдар. Сәулелеріңді шашып, Жарқырап жайнайсыңдар. Жанып-сөніп, Жанып-сөніп Жарқырап жанасыңдар. (сөйлеуді дамыту)	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Алтын құс". Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіде кездесетін көркемсөздердің мағынасын түсіндіру; ертегідегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін сипаттай білуге үйрету. Дидактикалық ойын. "Алтын құс ертегісінің кейіпкерлерін тап". Мақсат-міндеттері. Бірнеше ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсетемін, сендер суреттерге мұқият қарап отырып, «Алтын құс» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін табуға дағдыландыру.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Түрлі пішіндерге толған ғажайып көлік. Шаршы, дөңгелек, үшбұрыш". Мақсат-міндеттері. Балалардың үшбұрыш, дөңгелек және шаршы сияқты геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін тиянақтау. Дамытушы ойын. "Ғажайыптар көлігін жөндейік." Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді атауды, сөзбен сипаттауды үйрету. (сөйлеуді дамыту) Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Сиқырлы кемпірқосақ". Мақсат-міндеттері. Балаларға кемпірқосақ туралы	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Өсімдіктер күтімі". Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлме өсімдіктерімен таныстыру; бөлме гүлдерінің аттарын жатқа айтуға және оларды көргенде тануды үйрету. "Бөлме өсімдіктерін күтейік" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктерінің атауларын, оларды күту ерекшеліктерін балалардың есіне түсіру, бірігіп жұмыс істеуді үйрету, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. "Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздік қорын кеңейту, реакция
--	---	---	--	---	--

Балалармен жеке жұмыс	Дидактикалық ойын. «Сөзді өзгерт». Педагог: - Балалар, «Қыс» деген сөздегі соңғы «-с» дыбысын алып тастап, орнына «-з» дыбысын қойсақ қандай сөз шығады? Сөздегі бір дыбысты өзгерткенде сөздің мағынасы өзгеріп кететіні туралы түсінік береді. «-с» дыбысына аяқталатын сөздерді айтады, «-с» дыбысының орнына «-з» дыбысын қойып, сөзді өзгертіп айтуды ұсынады. - Жас- ... (жаз). - Қас- ... (қаз). - Түс- ... (түз). Қыз, қыр Жаз, жақ Қаз, қар Түз, тас (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын. «Қай қолымда көп». Мақсат-міндеттері. Аз және көп заттарды ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ұсақ заттар: моншақтар, түймелер. Ойынның мазмұны: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала қолда саны көп зат барын, қай қолында саны аз зат барын анықтайы. Одан кейін заттарды қатарымен қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын салыстырады. (сөйлеуді дамыту)	"Айырмашылықта рды тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Есте сақталатын заттарды салыстыра білуді дамыту, олардан ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: сюжеттік карталар. Сипаттама: 2-3 минут ішінде балаға карточкасын көрсету. Содан кейін оған басқа кейбір заттар немесе әрекеттер жоқ немесе ауыстырылған екінші картаны ұсыныңыз. Бала не өзгергенін анықтауы керек. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын «Сипаттамасы бойынша тап». Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: жануарлар және құстардың ойыншықтары. Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтайды, оның атыауын айтады. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады.	"Кім, қайда тұрады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың көру қабілетін, зейінін дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: әртүрлі жануарлардың "отбасылары" мен олардың үйлерінің суреттері, ретсіз тәртіпте берілген жануарларды үйлерімен байланыстыратын сызықтар салынған суреттер. Сипаттама: сызықтар бойынша қарындашты өткізбей, кімнің үйі қайда екенін анықтау керек. (сөйлеуді дамыту)
-------------------------------------	--	--	--	--	---

Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)
-------------------	---

Серуен	Желдің соғуын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаш жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел.) Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру. Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын. "Өз үйінді тап"	Жапырақтың түсуін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Күздің ерекшеліктері туралы ойын толық жеткізуді, сұраққа толық жауап беруді үйрету. Бақылау барысы: күз мезгілінің келгені, ағаштардан жапырақтары сарғайып жерге түсуінен байқауға болатынын айту. Жапырақтар жерге түсіп, айналаның барлығы сары алтынға боялғанын байқату. Сары ағаштар, сары жапырақтар, гүлзарлардың барлығы сап-сары екенін айту, күз мезгілін «алтын күз» деп атайды. - Жапырақтардың	Шалшық суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге жылдам сіңетініне, ал күзде салқын түскенде жерге ұзақ уақыт сіңбей, батпақ болып жататынына мән беру. Көркемсөз. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетінді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы. Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Мақсат-міндеттері. Кейбір заттардың суға батып кететінін,	Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мақал-мәтел. Еңбексіз өмір – сөнген көмір. Қимылды ойын.	Ауа райын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Алдымен, күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі, күннің суытуы; бұлтты және жаңбырлы күндер, аспанның сұрланып бұлыңғыр тартуы, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүйеге баулу. Қимылды ойын. «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру) Балаларға ойын ережелерін сақтауды үйрету. Аланда
--------	---	---	--	--	---

Серуеннен оралу	Балаларға киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Көлеңкелі театрды сахналау. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында ертегі кейіпкерлерін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны. Мақсат-міндеттері. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, тығырықтан шығуға үйретеді. Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады, қалғандары көздерін жұмып отырады. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балаларды айнала ақырын жүреді, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан-жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білген бала орнынан жылдам тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса, онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және тағы басқа. Орнынан тжылдам тұрып үлгірген балаға ұлттық ою-өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз болады. Ойын ережесі. Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Балалар тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек. Итеруге, күш көрсетуге жол берілмейді.

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру» тақырыбына әңгімелесу.	Баланың өздігінен орындайтын жұмыстары туралы әңгімелесу.	"Баланың сұрағына ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.	"Бала - біздің айнамыз" тақырыбында әңгімелесу.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің бір апталық жұмысы туралы әңгімелесу.
--	--	---	---	---	--

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	27.11.2023	28.11.2023	29.11.2023	30.11.2023	01.12.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Баланың сұрағына ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Бөлме өсімдіктерін жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға суару әдістері және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасауға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды үлкендерге өз қолдарынан келетін көмек көрсетуге тарту, бөлме өсімдіктері туралы балалардың идеяларын нақтылау.	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп». (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету, шкафты киім және аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, тәртіп сақтауды үйрету. Ұжымда тату-тәтті еңбектенуге үйрету.	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсек-орнын ұқыпты ұстау дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.
--	---	---	---	--	--

	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Дидактикалық ойын "Ненің ізі?» Мақсат-міндеттері. Байқампаздыққа, ұқыптылыққа үйрету. (сөйлеуді дамыту)	Үстел үсті ойыны. "Логикалық ойын". Мақсат-міндеттері. Ойлау қабілетін, зейінін, ынтасын дамыту. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту) Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Аққала". Мақсат-міндеттері. Балаларға тұзды қамырдан аққала сомдауды үйрету; бір бөлшекті екінші бөлшекке қосып тегістеу жолымен біріктіру ептілігін бекіту. Құрастыру. "Зәулім ғимараттар". Мақсат-міндеттері. Қиял, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. (мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, құрастыру)	Дидактикалық ойын. "Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап". Мақсат-міндеттері. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтауды үйрету, ой-қиялын, ынтасын дамыту. (сөйлеуді дамыту) "Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары. Мақсат-міндеттері. Ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар)	«Суреттер құрастыру». Мақсат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын дамыту. (сөйлеуді дамыту)	«Заттарды салыстыру». Мақсат-міндеттері. Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіру, оларды бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар. Ойынның барысы: балалар әртүрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады. Жуан - жіңішке. Кең - тар. Биік - аласа
--	---	---	--	---	---

Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары 1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.2. Қолды алға көтеру. 1.3. Саусақтарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау. 1.4. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде. 2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. 2.2. Оңға және солға иілу. 2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. 2.4. Бастапқы қалыпқа келу. 3. Аяқтың ұшына көтерілу. 3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек топылдату. 3.2. Аяқтың ұшымен топылдату. 3.3. Бастапқы қалыпқа келу. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досындай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қыс мезгілінің мнемотехникасына қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қыс мезгіліне байланысты тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту)	"Қысқы тіршілік" туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Еңіс тақтайдың үстімен жүру". Мақсат-міндеттері. Еңіс тақтайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп, тура жүруге, жердегі кедергі жолақтардан (жолақтар арақашықтығы 50 см) екі аяқпен екі аяқпен аттап, секіру және бір-біріне қарама-қарсы тұрып, допты бастарынан асыра лақтыруды үйрету. "Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөліну, бір сызыққа тұрғызу, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге дағдыландыру. (дене шынықтыру)	Қазақ тілі "Қыс мезгілі. Қысқы табиғат құбылыстары". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыз мезгілі жайлы мнемокесте және сызбалық суреттер негізінде "қыс", "қысқы табиғат құбылыстары" туралы түсініктерін қалыптастыру; "қыс" пен "жаз" мезгілдеріне байланысты антоним сөздерді дұрыс дыбыстауға жаттықтыру. Өлеңді мәнерлеп оқу. "Ну орманда қар жауып". Мнемокесте арқылы өлеңді топпен мәнерлеп қайталау. Музыка "Қыс әні". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы әннің сипатын түсініп,	Дене шынықтыру "Тепе-теңдікті сақтайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатарға екеуден тұруға; допты алысқа дәлдеп лақтыруды (3,5–6,5 м кем емес); сызықтардың арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. "Кедергілерден оңай өтеміз" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалар кедергілерден "жылан" тәрізді жорғалап өтулері керек. (дене шынықтыру)	Музыка "Қыс бояулары". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы әннің сын-сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білу қабілетін қалыптастыру. Дидактикалық ойын. "Қояндар". Мақсат-міндеттері. Балаларға музыканың көңілді не мұңлы, баяу түрлерін ажырата білуге баулу. (музыка, сөйлеуді дамыту)	Дене шынықтыру "Досқа нені үйретемін?" Мақсат-міндеттері. Балаларға аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруды; көлбеу тақтайдың үсітмен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүруді үйрету. "Баскетбол" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөліп, баскетбол добына арналған торға белгіленген нысанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлдеп лақтыруды үйрету. (дене шынықтыру)
---	---	---	---	--	--

Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

Серуен	Қарға мен сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерешекліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, оның өзге құстарға өте ұқсамайтынын байқайды. Еңбек әрекеті: кураған жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Ұшады құстар	Қардың түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Аққала ойыны". Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру	Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұсақ қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары."Бос орын". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Шапшаңдықты, ептілікті дамыту. Аз қимылды ойын.	Қар мен мұзды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. Зерттеу. Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы еңбектенуді, қоршаған ортаға қызығушылықты	Қайың мен шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру) "Ақ серек, көк серек" қимыл-
--------	--	---	--	---	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досындай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім". Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ат пен есек» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды ақырын сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығыуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды. Көркемсөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. (дене шынықтыру, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Бесін ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жатығу "Аппақ қыс". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын байқау дағдыларын жетілдіру. «Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін нығайту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сурет салу) Дидактикалық ойын. "Қыста не болады?" Мақсат-міндеттері. Күз бен қыс мезгілдерінің құбылыстарын ажырату.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Сыңарлы және сыңарсыз киімдер". Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардың көлемінің қасиеттері жөніндегі білімдерін тиянақтау, "ені", "ұзындығы", "көлемі" ұғымдарын бекіту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру, сурет салу, мүсіндеу) Дидактикалық ойын. «Артығын тап». Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттерден артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады. Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарындашпен сызады. Мысалы,	Сурет салудан ойын-жаттығу "Аулаға қар жауды". Мақсат-міндеттері. Балаларға бор мен қылқалам арқылы аулаға қардың жауғаны туралы суретті салуды үйрету; бормен сурет бейнелерінің, ағаш пен үйдің сұлбасын салып, қардың суреттің әр жеріне қылқаламның ұшымен жақпалау техникасын пысықтау. Вариативті компонент. Құрастыру "Байтерек". Мақсат-міндеттері. Балаларды макарон өнімдерін трафаретке қойып "Бәйтеректі" құрастыруды үйрету; дайын трафаретке макарон өнімін беттестіру әдісі бойынша іскерліктерін дамыту;	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Боран". Мақсат-міндеттері. Балаларды Қ. Көпішевтің "Ақ боран" атты тақпағымен таныстырып, қыс мезгіліндегі ақ боран сипатын тануға талпындыру; тақпақ жаттауды жаттықтыру; көркемсөзге қызығушылықтарын арттыру; қыс көптеген құбылыстардан тұратын мезгіл деп тануды үйрету. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Қазақ халқының ұлттық ойыны. Ақсерек - көксерек. Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қыс келді" тақпағын жаттау". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында "тақпақ" түсінігін қалыптастыру, қыс туралы көркемсөз үлгісімен таныстыру; қыс мезгілі туралы ұғымдарды көркемдеуіш сөздер арқылы толықтыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Құрастырудан ойын-жаттығу "Ақтөске үйшік құрастырамыз". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрамында: тақтайша, үшбұрыш, білеу бар құрылыс материалдары жинағын пайдаланып, Ақтөске қыс мезгілінде тұруға
--	--	--	--	---	---

Балалармен жеке жұмыс	Дидактикалық ойын. «Сыңарын тап». Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын ережесі: геометриялық пішіндерді алып, ортасынан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады және геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс. (құрастыру, сөйлеуді дамыту)	"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу. Ойынның барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Олардың арасынан қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, балалар, бастайық! Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру)	Шешуін тап, заттарды ата. Көрнекі құралдар. Алуан түрлі суреттер: тышқан, мысық, шелек, шана, фланелеграф. Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетеді, онда бейнеленген заттар мен жануарларды атауды сұрайды. Осы суреттерді кез келген реттілікпен фланелеграфқа бекітеді де, балаларға сұрақтар қоя бастайды. Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, фланелеграфтан қажетті суретті табуы және онда бейнеленген заттарды атауы тиіс. Тәрбиеші: - Инде не тұрады? - Тышқан. - Тышқан неден қорқады? - Мысықтан. - Суды қайда	Дидактикалық ойын. «Сөз ойла». Мақсат-міндеттері. Балаларға мағынасы қарсы сөздерді тауып айтуды ұсынады. - Әдепті - ... - Әдепсіз - Жақсы - ... - Жаман - Ақ -... - Қара - Үлкен -... - Кішкентай - Сыйлау- ... - Сыйламау (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, сурет салу)	"Сипаттамадан тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді дамыту (сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіру мүмкіндігі); белгілі бір заттарды, тіршілік иелерін біріктіретін ұғымдар туралы білімді бекіту. Сипаттама: балалар жауап беруге тиіс ұсыныстар мен жұмбақтарды алдын ала дайындау. Мысалы: * түрлі-түсті қанаттары бар әдемі жәндік, ұшуды ұнатады, балшырынмен қоректенеді. (Көбелек.) * көлік, ұзын, бірнеше бөліктен тұрады, темір рельстермен жүреді. (Пойыз.) * жабайы жануар, орманда тұрады, айға
-------------------------------------	---	--	---	--	--

Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)
-------------------	---

Серуен	Қарға мен сауысқанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерешеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдайды, оның сыртқы пішіні өзге құстарға өте ұқсамайтынын байқайды. Еңбек әрекеті: қураған жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа	Қардың түсуін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қардың түсуі маусымдық құбылысқа жататынын түсіндіру, қыс туралы білімдерін кеңейту. Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене	Шыршаларды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін еске сақтауды үйрету, шыршаныбасқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұсақ қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары."Бос орын". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.	Қар мен мұзды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. Зерттеу. Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы еңбекке, қоршаған ортаға	Қайың мен шетенді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру)
--------	---	---	--	--	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досындай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Театрды сахналау. "Қолғап" ертегісін қолғаппен сахналау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындықты бастау. (музыка) Өнер бұрышында ұлпақарларды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Дамытушылық ойын. "Бұзылған телефон". Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, көру, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Барысы. Балалар тізбек бойынша отырады. Жүргізушіні санамақ айту арқылы таңдап алуға болады. Алдымен, педагог балаларға ойын тәртібінің үлгісін көрсетеді. Балаларға ойын тәртібін нақты орындап, бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші өзі ойлаған заттың атауын қасында отырған баланың құлағына сыбырлап айтады. Бала естіген сөзін келесі отырған балаға сыбырлап айтады, ойын осылай жалғасады. Соңғы отырған бала естіген сөзін дауыстап хабарлайды. Егер бала айтқан сөз, бастаушы ойлап тапқан сөз болып шықса, телефонның ақаусыз жөнделгенін білдіреді. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай шықса, балалар зерттеу жүргізіп, бастапқы сөздің қандай сөзге бұрмаланғанын анықтайды. Әр ойын айналымынан кейін, бірінші отырған бала тізбек соңына барып отырады, сол себепті әр жолы, бірінші отырған бала жаңарып отырады. (сөйлеуді дамыту) Еркін ойындар.
--	---

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Жаңа жылдық шырша» көрмесі.	Кеңес беру. «4-5 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы».	«Балаңыз туралы не білу керек?» тақырыбында кеңес беру.	«Тәуелсіз Қазақстан» салтанатты іс-шарасында оқитын тақпақтарын беру, ата-аналармен мерекені өткізу туралы әңгімелесу.	"Біз бір аптада не істедік" тақырыбындағы көрме.
--	------------------------------	---	---	--	--

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	04.12.2023	05.12.2023	06.12.2023	07.12.2023	08.12.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) Балалардың көңіл күйін анықтауға арналған "Көңіл күй" BilimKids мультфильмімен қарсы алу.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру".				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Табиғат бұрышы" Табиғат бұрышындағы кезекшілік күнін балалар тірі объектілер үшін жауапкершілік сезінетіндей етіп ұйымдастыру керек. Балалар таңертең барлық жұмысты жасаса (балықтарға қорек беру, гүлдерді суару, торды тазарту және тағы басқа), кейін оларға тіршілік иелері мен өсімдіктерге назар аударудың қажеті болмай қалады, сондықтан педагог балаларға күні бойы атқаратын жұмысты реттеге көмектескені дұрыс: балықты таңертең қоректендіруге, ал өсімдіктерді кейінірек суаруға болады. Педагог балалардың түсінігінде өздері жасаған жұмыстың	"Күтушіге төсек салуға көмек көрсету". Мақсат-міндеттері. Балаларға өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; ересектерге қолдарынан келетін көмектерін көрсетуге ынталарын тәрбиелеу; еңбектенуге ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері: балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Біздің шкафта тәртіп бар". Мақсат-міндеттері: балаларға сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде ұқыптылыққа үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
--	--	---	---	--	---

	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Пазл жинау ойыны. Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасы мен қозғалыс координациясын дамыту, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін жаттықтыру, логикаларын дамыту, табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (танымдық-дағдылар) Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту	"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау. Педагог балаларға көкөністер мен жемістерді өсіріп, баптау, жинау әрекеттері жайында әңгімелеуді ұсынады. Құралдар: жемістер мен көкөністерге тиісті адамның еңбегі туралы суреттер. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) "Қайсысы ең ауыр?" логикалық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы	"Не артық?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды, салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. (танымдық дағдылар)	"Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі	"Не дөңгелек болады?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: ой-өрістерін, зеректікті, қиялдарын дамыту, білімдерін бекіту. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар) "Стоп-кадр" пантомима жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, қазір сендер әуенді
--	--	--	--	---	--

Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды. 1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)
--------------------	--

Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру. Көркем сөз Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)
------------------------	--

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Қыс" мезгілінің ерекшеліктері. Мақсат-міндеттері. "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Шаттық шеңбері Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!"- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!»-деп кіремін. Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды. (сөйлеуді дамыту)	Мнемокесте бойынша отбасы туралы өлеңдер жаттау. Мақсат-міндеттер: зейін, есте сақтау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Үстел-үсті ойыны: "Керекті киімді табыңыз" Мақсат-міндеттер: балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Қыс" мезгілінің ерекшеліктері. Мақсат-міндеттері. "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)
--	---	---	--	--	---

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Төрт тағандап еңбектеу". Мақсат-міндеттері: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тексеріп, қатарға тұрғызуға үйрету.	Қазақ тілі "Қазақстан байлықтары. 5 дейін санау, кері санау". Мақсат-міндеттері: балалардың еліміздің негізгі байлықтары туралы білімдерін кеңейту; "байлықты" дұрыс атауды қолданылу аясы туралы түсініктерін нақтылау.	Дене шынықтыру "Сапты бұзбай еңбектейміз". Мақсат-міндеттер: балаларды көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүгіруге; орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіруге үйрету.	Музыка "Жаса, елім!" Мақсат-міндеттер: балалардың әнді эмоционалды қабылдай отырып, ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру.	Дене шынықтыру "Озаттар эстафеталары". Мақсат-міндеттер: балаларды қатарға үшеуден тұрып, сапты қайтадан құруға үйрету.
		Музыка "Қысты сағындық" Мақсат-міндеттер. Балалардың басқа ұлт өкілдерінің әніне деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын			

Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

Серуен	Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күректермен әрекет ету қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу.	Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ұжыммен қар тазалау. Мақсат-міндеттері. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. (еңбек дағдылары) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру,	Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті	Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. Қимылды ойын:
--------	--	--	--	---	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру. Көркем сөз Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)				
Түскі ұйқы	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім". Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Әлем ғажабы» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Әнші бай» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Құйрықтар» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтакқа дейін, бет, құлак, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды. Көркем сөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. (дене шынықтыру)
Бесін ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру. Көркем сөз Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Әдемі көйлек киген Дана". Мақсат-міндеттер: балаларды мерекелі киімді киген Дананың бейнесін салуға үйрету; сурет салуда қарапайым дене пропорциясын, басы және ұзын етек, жеңі бар көйлекті, бетіндегі көздері мен ауызы сияқты ұсақ бөлшектерді салу техникасын қалыптастыру. Сюжетті-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны". Мақсат-міндеттер: балалардың сұлулық салонында жұмыс атқаратын мамандар (шаштаразшы, мастер маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) жайлы түсініктерін бекіту; жағымды қарым-қатынас орнатуға,	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Әжемнің құрақ көрпесі. Шаршы мен тіктөртбұрыш" Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер, тіктөртбұрыш пен шаршының қасиеттері, жөніндегі білімдерін тиянақтау. Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы". Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Отбасы мүшелеріне	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Көк тудың желбірегені". Мақсат-міндеттер: балаларды еліміздің тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра отырып, жатқа айтуға үйрету. Вариативті компонент. Математика негіздері "Үшбұрыш пен дөңгелек бір үйшікте тұрады". Мақсат-міндеттер: балаларды геометриалық пішіндер (дөңгелек, үшбұрыш) жайлы балалардың білім деңгейін анықтау; "бір" және "көп" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын дамыту. Сюжетті-рөлдік ойын. "Театр".	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қазақстан картасы бойынша әңгімелесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [-с], -з] дыбыстары". Мақсат-міндеттер: Отанын сүю және басқа тақырыптарға қатысты [С], [З] дыбыстары бар сөздер мен фразаларды нақтылы айта білуге жаттықтыру, осы дыбыстардың артикуляциясын орындата отырып, сөздер құрамында, атап айтқанда, басында құлақпен қабылдау, атауға үйрету. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Мұхитарал (океанариум)". Мақсат-міндеттер: балалардың	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қазақстан қалалары" Мақсат-міндеттер: балаларды Қазақстанның картасымен таныстыра отырып, еліміздің қалаларын жатқа білуге үйрету. Сюжетті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат" Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу".
--	--	--	--	--	--

Балалармен жеке жұмыс	Жыл мезгілі туралы әңгіме. Мақсат-міндеттері: қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	"Қоянға көмектес" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға дағдыландыру. (танымдық дағдылар)	Дидактикалық ойын. "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Құралдар: дорба, түрлі ойыншықтар мен заттар. Шарты. Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап сезу арқылы тануға тырысуы; көргеннен кейін, заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	Дидактикалық ойын. "Не артық?" Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдері бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары. Шарты: жүргізуші бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	Дамытушы ойын. "Қимылдар тізбегі". Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі қимылдар тізбегіне қарап, есте сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуде жаттықтыру; есте сақтау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; достыққа, ұйымшылдаққа тәрбиелеу. Педагог немесе балалардың бірі қалған балалардың алдында бірнеше қимылдар тізбегінің (кешенін) көрсетеді. Балалар мұқият қарап болғаннан кейін есте сақтап, қимылдарды қайта жаңғыртады. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)
-------------------------------------	--	--	---	--	---

Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. Салтанатты жиынға дайындық. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес.	Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру".	Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады".	Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері".	Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу.
--	---	---	---	--	--------------------------------------

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	11.12.2023	12.12.2023	13.12.2023	14.12.2023	15.12.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Балаңыздың күн режимін қалай сақтаймыз" тақырыбында әңгімелесу.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Бөлме өсімдіктерін жуу". Максат-міндеттері: балаларға суару әдістері (тегенде, жапырақтардың астында) және ережелер (толтырмаңыз, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды қолдарынан келетін көмекті көрсетуге тарту, жабық өсімдіктер туралы балалардың ойларын нақтылау. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Максат-міндеттері: балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту". Максат-міндеттері: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық". Максат-міндеттері: кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, қажет қарай оларды сабақтан кейін орнына жинау. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Бөлме өсімдіктерін суғару". Максат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
--	--	---	---	---	---

	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары. Мақсат-міндеттері: ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар)	«Шаршы құрастыр». Мақсат-міндеттері: балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады. 1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды. 2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?) 3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім жылдам орындаса, күрделірек түрін	«Жұбын тап». Мақсат-міндеттері: балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: жемістер мен көгөністерге байланысты текшелер. Ойынның барысы: Ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойын бастайды. Аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	«Оқиғалар». Мақсат-міндеттері: тиісті сөздерді тауып құрастыру, буынға бөлу. Баланың ой-өрісін, зейінін дамыту Ойын атрибуттары: оқиғаларды бейнелейтін суреттер, оқиғалар жайында айтылған сөздер. Ойынның барысы: балалар өздеріне ұнаған сюжетті суреттерді алады. Сол суретте айтылған тиісті сөздерді тауып астына құрастырады. Солай бірнеше оқиғалар суреттерге байланысты қойылады. (сөйлеуді дамыту) Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Аяз ата". Мақсат-міндеттер: балаларды	"Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі
--	---	---	--	--	---

Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды. 1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)
--------------------	--

Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. А. Меңжановтың "Тазалықтың досы". Сылдырлайды сылдыр су. Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың. Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жаса, Қазақстан! Мақсат-міндеттер. Балалармен Отан тәуелсіздік туралы ән шырқату. (музыка)	Біз бақытты баламыз! Мақсат-міндеттер. Шеңбер аясында балалар бір-бірлеріне мерекелік жылы лебіздерін айтады. (сөйлеуді дамыту)	Тәуелсіздік - ел тұғыры! Мақсат-міндеттері. Ұжыммен сурет салу. Тақырыпқа байланысты сурет таңдау. (сурет салу)	Мақал-мәтел Мақсат-міндеттері. Жер, Отан туралы мақал-мәтелдер жаттау. Мақалдарды талдап, мағынасын түсіндіру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Менің тәуелсіз елім" тақпақтарын жаттау. Мақсат-міндеттер. Патриоттық сезімді оятуға арналған тақпақтар жаттау. (сөйлеу әдебиеті, көркем әдебиет)

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Тепе-теңдікті сақтап жүру" . Мақсаты: қатарда келе жатып, педагогтің белгі беруі бойынша тоқтап, "фигуралар" жасау; жүру, шашырап жүру және жүгіру; сапта тұрып, 2,5 м қашықтыққа допты екі қолымен төменнен лақтыру, гимнастикалық орындықта етпетінен екі қолымен тартылып, еңбектеу (орындықтың екі жағынан қолымен ұстау) және гимнастикалық орындықтың үстімен құм салынған қапшаны бастарына қойып, екі қолдарын жанына жіберіп (немесе белде), тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. "Кім епті?" қимылды ойыны.	Қазақ тілі Киімдер, аяқ киім, бас киім. Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымында киімдер, бас киім мен аяқ киімі туралы түсініктерін дамыту; ұл бала мен қыз балаға арналған киімдер, мезгілдік киімдер туралы білімдерін қалыптастыру; тазалық пен ұқыптылық жайлы түсініктерін дамыту. Музыка "Жаңа жыл". Мақсат-міндеттер: балалардың Жаңа жыл туралы әнді айтуда есте сақтау қабілеті мен әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін дамыту.	Дене шынықтыру "Шырша ойыншығын қолға ұстап". Мақсат-міндеттер: балаларды бір аяқпен секіру (шамамен 4–5 рет оң және сол аяқпен); 1,5 м қашықтықтан тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға дәлдеп лақтыруға үйрету. "Торғайлар мен мысық" қимылды ойыны.	Музыка "Жаңа жыл сыйлықтары". Мақсат-міндеттер: балалардың Жаңа жыл туралы әнді айтуда есте сақтау қабілеті мен әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін дамыту. "Музыкалық калейдоскоп" музыкалық-дидактикалық ойыны.	Дене шынықтыру "Шеңбердегі қызықтар". Мақсат-міндеттер: балаларды қысқа секіртпемен секіруге (демалу үзілістері бар 2-3 реттен 10 секіру) үйрету.
---	---	--	---	---	---

Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

Серуен	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері) Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті,	Ағаштардағы қырауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Бақылау: қыраудың пайда болуы туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын, ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл қатты шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатырады, сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы	Терезедегі қырауды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының	Бұрқасынды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал. Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды. Ырым. Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-шашын болады. Бақылау: бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады. Қимылды ойын. «Әткеншек». Берілген қарқында қолдарынан ұстап шенбер бойынша	Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Болжау. Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел Қыс қандай болса, жаз да осындай. Байқау: Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете
--------	---	--	--	--	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. А. Меңжановтың "Тазалықтың досы". Сылдырлайды сылдыр су. Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың. Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Тазша бала» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Бұдыл мерген» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Бай мен тәуіп» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Азат» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				

Бесін ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. А. Меңжановтың "Тазалықтың досы". Сылдырлайды сылдыр су. Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың. Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
----------	---

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Шырша туралы әңгіме құрастыру". Мақсат-міндеттер: балалардың әңгіме жанры туралы білімдерін тиянақтау; әңгіме және тақпақ, жұмбақ туралы ұғымдарды жетілдіру; шыршаның өсу ерекшелігі мен адамның өмірінде алатын ойны туралы ұғымдар жиынтығын қалыптастыру.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Шыршаның басынан өткізген хикаясы". Мақсат-міндеттер: балаларды С. Дүйсенбиевтің "Шырша да жылайды" әңгімесі мазмұнымен таныстыру; оларға шырша туралы мәтін мазмұнын түсінгендерін сұрақтарға толық жауаптарды қайтару арқылы жеткізуге білуге үйрету.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қырау". Мақсат-міндеттер: балалардың жансыз табиғат құбылысы қырау туралы түсініктерін кеңейту.	Театрды сахналау. "Күшік досын қалай тапты" ертегі желісін сахналау. Мақсат-міндеттер. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар бере отырып, ертегінің желісі бойынша әңгімелеуге үйрету. (көркем әдебиет)	Көзінді жұмып, қолыңмен анықта». Ойынның мақсат-міндеттері: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. Ойынның мазмұны: балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын не қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзінді жұм да, қарындаштың ұзын не қысқалығын анықта» деген тапсырма береді.
	Дамытушылық жаттығу. "Қандай және қанша айырмашылық бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдауын, зейінін, ойлауын дамыту; ақылдылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Ең биік шыршаны іздегенде". Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың биіктігі жөніндегі ұғымдарын жетілдіру; реттік сан туралы ұғымдарын қалыптастыра бастау; заттардың биіктігін	Дидактикалық ойын. "Көңілді қыстырғыштар". Мақсат-міндеттер: қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрысын таңдау. Мектеп жасына дейінгі баланың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге сондай-ақ есте сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен	Құрастырудан ойын-жаттығу "Жаңа жылдық сыйлық" Мақсат-міндеттер: балаларды қалдық материал: бірреттік қағаздан жасалған табақшадан, мақта және қағаздан аяз атаны құрастыруға үйрету.	Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзінді жұм да, қарындаштың ұзын не қысқалығын анықта» деген тапсырма береді. (сөйлеуді дамыту)
				Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Қара сиыр» ойыны. 4+ Мақсат-міндеттер. Балаларға тапқыр,	Дамытушылық жаттығу. "Не өзгерді?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдауын,

Балалармен жеке жұмыс	Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Күміс қар" (Әли Ысқабаев) Қырларды жапты күміс қар, Далада жаңа тыныс бар. Бұталар жалт-жұлт етеді Кәдімгі бейне хрусталь. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Жаңылтпаштар жаттайық. 1) Торта қойдым, Орта қойдым. Орта қойдым, Жорта қойдым. 2) Топ бала, топ бала, Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала Қуады көп бала. 3) Қырық құрықтық Сырық қырықтық. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Суреттер құрастыру». Мақсат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	«Үй құрылысының ретін көрсет». Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. Құрал-жабдықтары: баланың саны қарай әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. Мазмұны: балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.	«Қажетті сөзді тап». Мақсат-міндеттер: тапқырлыққа, ойланып жауап беруге үйрету. Ойын ережесі: тәрбиеші бір сөз атайды, балалар соған қажет заттардың атына байланысты сөздерді тез атауға тиісті. Мысалы: тоқылатын заттарды ата десе, балалар шұлық, шәлі, қолғап, жемпір деп жауап береді. Қайда, немен, кім тоқиды? - Фабрикада машинкамен, үйде бізбен тоқымашы тоқиды. - Тігілетін заттарды ата? Көйлек, етік, тымақ, көрпе, пальто, т.б.. - Қайда, немен, кім тігеді? (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар, қазақ тілі)
-------------------------------------	--	--	--	--	---

Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. - сапқа тұру кезінде 1-ден 5- ке дейін саналып тұру. (дербес әрекет, математика негіздері)
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында "Тәуелсіз - Қазақстаным" тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Балаңызға қандай ойыншық таңдайсыз" атты сауалнама.	"Тәуелсіздік - тірегім" тақырыбында газет көрмесі.	"Балаңыздың күн режимін қалай сақтаймыз" тақырыбында әңгімелесу.	Жаңа Жылды қарсы алу туралы әңгіме. Мерекеге өлеңдер мен әндерді үйрену.	«Баланың эмоциялық жағдайы».
--	--	--	--	--	------------------------------

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
		19.12.2023	20.12.2023	21.12.2023	22.12.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Балалар көңіл-күйлерін смайлик таңбалауыштары арқылы белгілейді. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	«Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?» тақырыбында әңгімелесу, кеңес беру.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп». (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. Ұжымда ұйымдасып еңбек етуді үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Орындықтарды жуу" Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне жәрдемдесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени -гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтаны, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
---	--	---	--	--	---

		ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) «Спорт-лото». Мақсат-міндеттер: балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру. Ойын атрибуттары: спорт түрлеріне байланысты суреттер. Ойынның барысы: балаларға спорт түрлері салынған сурет карточкасы үлестіріліп беріледі. Оны балалар тиісті суреттермен жабады.	Санамақ Бір дегенің - білеу, Екі дегенің - егеу, Үш дегенің - үскі, Төрт дегенің - төсек, Бес дегенің - бесік, Алты дегенің - асық, Жеті дегенің - желке, Сегіз дегенің - серке, Тоғыз дегенің - торқа, Он дегенің - оймақ, Он бір - қара жұмбақ. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) "Үй салу" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту. Ойын құралдары.	"Лото" үстел үсті ойыны (геометриялық пішіндер). Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. Әр бала бір геометриялық пішінді алып, сол пішінге ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды. (математика негіздері) "Биік ғимараттар" құрылыс ойыны. Мақсат-міндеттер: Геометриялық пішіндерден, текшелерден	"Қыс мезгілінің суретін құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспей, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).
--	--	--	---	---	---

Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу. 1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде. 1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет). 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу. 1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау. 1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау. Бүгілген аяқтарымен ""велосипед"" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру. 6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет). 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде. 1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)
--------------------	---

Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды қолын жуар алдында жеңдерін түріп, бетін су шашпай жууға үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жуу мүмкіндігін күшейту. Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Аяз ата туралы тақпақ жаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	Шырша туралы тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	Жасыл шыршаны бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		Қазақ тілі "Жаңа жылдық сыйлықтар". Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы қысқы мерекелер жайлы білімдерін кеңейту; жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін дамыту; сын есім және үстеу сөздер жайлы түсініктерін қалыптастыру. Музыка "Жасыл шырша жанында" Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығушылығы мен ықыласын ояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін	Дене шынықтыру "Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу". Мақсат-міндеттер: гимнастикалық қабырғаның тақтайшаларынан ұстап, ажырамай, өрмелеу, гимнастикалық орындықтың үстімен баланың екі адымындай қашықтықтағы кубиктерден аттап, жүру және арақашықтықтары 40 см кеглилардың арасымен оң және сол аяқпен секіру, допты қабырғаға лақтыру жаттығуларына үйрету.	Музыка "Шырша жыры". Мақсат-міндеттері: балалардың шырша туралы әнді қызығушылықпен тыңдап, әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топта ән айту қабілетін жетілдіру.	Дене шынықтыру "Аяз-Ата сыйлығына жетейік". Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, бөренемен жүруге; қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен) аттап өтуге үйрету.
---	--	---	--	---	--

Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

Серуен	Күннің ұзақтығын байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ. Бақылау: желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ, соған назар аудару. Балалардың сөздік қорының құрамына көңіл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру. Қимылды ойын. «Бермеймін». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күшті болуға, шыдамдылықпен	Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. Бақылау: қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың	Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: қайың, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпаргүл, шие). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. «Қарағай». Тау баурайын - жағалай, Биік-биік қарағай. Оқтай түзу бойлары, Шымыр өскен баладай. Бақылау. Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы сұлулығына аудару (жапырақ жоқ). Ағаштың сыртқы түрлерін ажырата білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні); ағаштар: терек,	Құстарды бақылау (сары шымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Шыр-шыр еткен торғайды. Қорғамасаң болмайды, Кіп-кішкентай торғайлар, Бақшамызды қорғайды. Жұмбақ. Қалқып тұрып аспанда, Үн шығарып сан қилы, Өнеріне басқанда, Тұла бойың балқиды. (Бозторғай) Бақылау: құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу (көлемі және
--------	--	--	---	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды қолын жуар алдында жеңдерін түріп, бетін су шашпай жууға үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жуу мүмкіндігін күшейту. Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы		Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Аудио тыңдау. Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Арыстан күшігін асыраған мысық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ақ қасқыр» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Мысық, қораз және түлкі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық "Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф". "Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, дене шынықтыру)
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жасыл шырша сыйлығы". Мақсат-міндеттер: балаларды шырша ағашының ерекшеліктерімен таныстыру; жаңа жылда шырша ағашын пайдалану себептері туралы білімдерін кеңейту. Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Қапқа жасырынған сыйлықтар". Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды көзбен көрмей-ақ бірден беске дейін санау амалы туралы білімдерін кеңейту. Театрды сахналау. Мақсат-міндеттер. «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегі желісін қуыршақ	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Жаңа жыл қарсаңында". Мақсат-міндеттер: балаларды "Жаңа жыл қарсаңында" картинасының мазмұнымен таныстыра отырып, картинадағы әрекеттер арқылы эмоционалды жауаптар қайтара білуге үйрету. Дидактикалық ойын «Сиқырлы суреттер». Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қиылған әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша қиындылардан тұтас	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жасанған шырша". Мақсат-міндеттер. Балалардың жасыл шырша туралы түсініктерін кеңейту; жасыл шыршаның табиғаттың төрт мезгілінде жасыл болатындығын байқау дағдыларын жетілдіру; жасыл шыршаның қасиеттерін білуге деген қарапайым зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын арттыру; Жаңа жылдық сыйлықтар туралы түсінік беру. Шырша туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және есте сақтауы мен	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Аққаламен сөздік жаттығулар тізбегі". Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақ және жұмбақ ауыз әдебиет формалары жөнінде ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; Жаңа жыл мерекесіне қатысты тақырыпты пысықтау. "Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды. (сөйлеуді дамыту) Вариативті компонент. Математика
--	--	---	--	--	--

Балалармен жеке жұмыс		Кел, жазайық. Мақсат-міндеттер: тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. (сурет салу)	Дидактикалық ойын «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші суретшінің «Қыс» тақырыбына сурет салғанын айтады. Балалардан оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды. Балалар қыс мезгілінде болмайтын көріністерді тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Ойын "Барлық мамандықтар қажет, барлық мамандықтар маңызды». Мақсат-міндеттер: сөйлеуде белгілі бір кәсіптерге тән заттарды білдіретін зат есімдердің деративті жағдайының формасын бекіту. Жабдықтар: заттық суреттер; түрлі түсті қарындаштар немесе киізден жасалған қаламдар. Ойынның барысы: балаңызға оң жақта (сатушы, краншы), сол жақта (Суретші, ағаш ұстасы, кассир) қандай кәсіптерді көретінін айтуға шақырыңыз. Баладан парақтың төменгі жағындағы заттардың атын сұраңыз. Оған жұмыс үшін қандай зат	«Қолымда не бар?» ойыны. Мақсат-міндеттер. Мынадай ұғымдарды пысықтау: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші, оң - сол; кеңістік түсінікті пысықтау, қимылды, түсіну сезімдерін дамыту. Керекті материалдар. Табиғи материалдар: ұсақ тастар, жаңғақтар, таяқшалар. Ойынның мазмұны. Балалар қолын артына ұстайды. Тәрбиеші олардың қолыдарына үлкендігі түрліше, бірақ тегі бірдей екі затты, мысалы, үлкен және кішкентай тасты ұстатады. Балалар қолына қарамастан, оң қолында үлкен тас, сол қолында - кішкентай тас бар екенін айтуға тиіс.
-------------------------------------	--	--	---	--	--

Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды қолын жуар алдында жеңдерін түріп, бетін су шашпай жууға үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жуу мүмкіндігін күшейту. Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)		«Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?»	Кеңес беру. «Неліктен бала тыңдамайды?»	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	25.12.2023	26.12.2023	27.12.2023	28.12.2023	29.12.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен балаларды ертерек ұйқыға жатқызулары туралы әңгімелесу.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттері: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Төсектерді төсеуге күтушіге көмек көрсету". Мақсат-міндеттері: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Бөлме өсімдіктерін жуу". Мақсат-міндеттері: балаларға суару әдістері (тегенде, жапырақтардың астында) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды көмекке тарту, жабық өсімдіктер туралы балалардың ойларын нақтылау. (еңбек дағдылары)	Аквариумдағы балықтарды қоректендіру. Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауға үйрету, аквариумдағы балықтың әдеттеріне қызығушылық тудыру. (еңбек дағдылары)	"Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)
--	---	---	--	---	---

	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Дидактикалық ойын. «Көленкесін тап». Мақсат-міндеттер: балаларды әр аңның көленкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Аңдардың атауын атап, сипаттауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. Барысы: жаңа жылға дайындалып жатқан аңдардың суретін бояу	"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру. (математика негіздері) Сурет салудан ойын-жаттығу	Санамақтар. Бірім - бір, Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, Алтым - алты, Ауыр балтам, Қалды қалтам! Қырқылдауық, Қырма тауық! Олпық-солпық, Сен кір, сен шық! (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Құрастырудан ойын-жаттығу "Қыс қызығы аққала". Мақсат-міндеттері: балаларды қалдық материал: поролоннан сызық бойымен домалақ кесіп алу, домалақтарды көлемі бойынша қағаз бетінде орналастырып, аққаланы құрастыруға үйрету.	"Лото" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар қыс мезгілінің, жаңа жылдық суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар. (сөйлеуді дамыту) Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Жылқы". Мақсат-міндеттер: балаларға жылқыны саз балшықтан жасауға, дене пішінін, фигураның қозғалысын дұрыс беруге, фигураға тән сипатына қарай саздылықты	Пирамидаларды құру жаттығулары. Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана. Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту. (танымдық дағдылар) «Қажетті сөзді тап». Мақсат-міндеттер: тапқырлыққа, ойланып жауап беруге үйрету. Ойын ережесі: тәрбиеші бір сөз атайды, балалар соған қажет заттардың атына байланысты сөздерді тез атауға тиісті. Мысалы: тоқылатын заттарды ата десе, балалар
--	--	---	---	---	--

Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу. 1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде. 1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет). 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу. 1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау. 1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау. Бүгілген аяқтарымен "велосипед" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру. 6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет). 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде. 1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)
--------------------	---

Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жаңа жылдық сыйлықтар туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Жасыл шырша туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Шырша туралы әндер жаттайық. Жаңа жылдық хикаялар айту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Жаңа жыл" мерекесіне арналған тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Жаңа жылдық кездесу, сұхбат жүргізу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Аяз-атамен ойындар жарысы". Мақсат-міндеттер: балаларды қолын беліне қойып, екі жаққа айналуға; еденнен 20-25 см көтерілген баспалдақ тақтайдан аттап өтуге үйрету.	Қазақ тілі "Әңгімені мәнерлеп оқу "Біз қармен қалай ойнадық". Биік - аласа. Тар - жіңішке." Мақсат-міндеттер. Балаларды «Біз қармен қалай ойнадық» әңгімесімен таныстыру; әңгіме жанры туралы түсінік беру; қысқы өзгерістер туралы білімдерін кеңейту, қысқы қызықтар жайлы түсініктерін қалыптастыру; «биік - аласа», «тар - кең» шамалары туралы түсініктерін бекіту, сөйлеу барысында қолдануға жаттықтыру; көргенімен естігенін сәйкестендіре білу біліктілігін, еске сақтау, қиял, көру зейінін, жағымды эмоцияларын дамыту. Зейінділікке, ұйымшылдыққа	Дене шынықтыру "Қысқы ойындар". Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бір-бірден аяқтың ұшымен жүруге; аяқтың ұшымен жүгіруге; құрсауларды домалатуға үйрету.	Музыка "Аққаламен достасайық" Тақырыбы: балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыруды пысықтау.	Дене шынықтыру "Қысқы эстафеталар". Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету.
---	---	---	---	--	--

Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

Серуен	Қардағы іздерді бақылай білу (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Ойын ойнап, міне біз, Қыс қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да тебеміз. Жұмбақ. Мен кетемін, ол қалар. (із) Бақылау: қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу; құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, жан-жаққа бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың	Өзенді бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Туған жердің белбеуі, Шұбатылып қалыпты. Керемет-ау кернеуі, Тасты тесіп, жарыпты. (өзен) Мақал-мәтелдер. Бұлт өзеннен су алса ғана жауады. Бақылау: қыстағы су құбырлары жайлы түсініктерін анықтау. Бірінші көлдің жиегінде мұз пайда болады, ол жұқа, тез ерігіш; содан толығымен қалың мұз басады; көлдегі мұз үстімен адамдар жүреді, балалар коньки тебеді; мұздың үстін қар басады, мұз астында балықтарға өте қараңғы, олар аз қозғалады. Кейбір	Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Күн мұнайып тұр бүгін, Қыс ызғары келеді. Жұмбақтар. Жаңа жыл күні Төрінде тұрар. Басқа күні Өскен жерінде тұрар. (шырша) Бақылау: қылқан жапырақты ағаштарды еске түсіру. Шырша мен қарағай ағаштарын ажырата білу. Шырша ағаштарының бұтағы бүкіл бойына, жоғарыдан төменге салбырап өседі; түбірі - қара; қылқан - бір-бірден өседі; жаңғақ - көп өмір сүргіш, дөңгелекше тәрізді. Жаңғақтың	Қар мен мұзды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. Зерттеу. Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы еңбекке, қоршаған ортаға	Қардың түсуін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қардың түсуі маусымдық құбылысқа жататынын түсіндіру, қыс туралы білімдерін кеңейту. Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене
--------	--	--	---	--	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. «Түлкі мен тырна» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Сыпайы қасқыр» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Аудио тыңдау. Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. «Достық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қысқы аулада" суреттер тізбегі бойынша әңгіме құру. Мақсат-міндеттер: балалардың қысқы ойындар туралы білімдерін жетілдіру; балалардың ойындар түрі туралы жаңа мағлұматтар беріп, "қысқы ойындар" ұғымын кеңейту; сөйлеудің әңгіме түрі туралы түсініктерді тиянақтау; қыста денсаулықты сақтау қағидалары туралы баяндау. Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Соқыртеке» ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға кеңістікті бағдарлау, шапшаң қимылдауға, бір-біріне кедергі жасамауға	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Сырғанақ". Мақсат-міндеттер: балаларды сырғанақта ойындар суреті бойынша әңгімелеуге жаттықтыру; Бауыржан Жақыптың "Сырғанақ" тақпағымен таныстырып, қимыл жаттығуларын тақпақ жолдарымен жатқа сүйемелдеуге үйрету. "Мысық пен тышқандар" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; бегле бойынша қимылдауға дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. "Мысық" тандап алынады. "Тышқандар" індерінде отырады.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Қыстың жуан және жіңішке жолақтары". Мақсат-міндеттері: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішке" сияқты шамалар ұғымдарын қалыптастыру. "Өз үйінді тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету; жылдамдыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Қажетті құралдар: ағаштардың бейнесі; үйлердің суреттері. Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе "үйін" тағайындайды. Екі	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ақ аю". Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; ақ аюдың сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. "Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін	Вариативті компонент. Құрастыру "Қыс қызығы". Мақсат-міндеттер: балаларға қардан құрылыс немесе қамалдар жасауға үйрету; қойылған мақсатқа жетуге, ұжымдық жұмысты эстетикалық түрде жасауға үйрету; өз әрекетін жоспарлай білу дағдысын дұрыс дамыту. «Тақия тастамақ» қимылды ойын. Ойынның мақсат-міндеттер. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның шарты: бір оқушы тақияны шеңбер бойымен жүріп, кез келген баланың басына кигізеді. Басында тақиясы бар бала түбір және туынды сөзді айтады. Ойын осылай жалғаса
--	---	--	---	--	---

Балалармен жеке жұмыс	Үшінші артық Дидактикалық материал: үй және жабайы жануарлары бейнеленген карталар. Ойын барысы. Балаларға жануарлар бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар қай жануардың артық екенін анықтауы керек. - Қой, сиыр - үй жануарлары. Олар адамның жанында тұрады. Түлкі - жабайы жануар, ол орманда тұрады. Түлкі - бұл орман жануары, жабайы аң және т. б. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Жаңылтпаштар жаттау. 1) Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық. Бес күзетші, бес пысық. 2) Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім. Неше кіші ішік піштім? 3) Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Жыл мезгілі жайлы әңгімелеу. Мақсат-міндеттер: мнемокестеге қарап әр жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруға үйрету. (сөйлеуді дамыту)	Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. (көркем әдебиет)	Өздері білетін ертегілері бойынша суреттерді қарау. Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Құралдары: ертегілер сюжеттері бейнеленген суреттер. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
-------------------------------------	---	---	---	---	--

Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Ашық ой мен сұрақ-жауап күні» ата-аналармен жиналыс.	«Ата-аналар балалары ауырмау үшін не істеу керек» кеңес беру.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту.	Балаларға арналған кеңестер: "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзін қалай ұстау керек?"	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу.